



МЕРЕКЕ ҚУАНЫШЫ

8-БЕТ | НАУРЫЗ



ЕКПЕ: МӘЖБҮРЛЕУ ЕМЕС, СЕНІМ КЕРЕК

9-БЕТ | ДЕНСАУЛЫҚ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Біз азаматтарымыздың әл-ауқатын арттыратын, барша әлемнің кәсіпкерлері, инвесторлары мен талантты адамдары қызығатын ашық әрі дамыған экономика құрамыз. Бүкіл қоғам болып жемқорлыққа қарсы күресті жалғастырамыз. Бізге және ұрпағымызға ешкім сырттан келіп жарқын болашақты жасап бермейді. Қағидамыз – әділдік, тірегіміз – жауапкершілік, мақсатымыз – өрлеу. Еліміз осы құндылықтарды берік ұстана отырып, даму көкжиегін сөзсіз кеңейте түспек. Ал әрбір адал адам адал еңбегімен адал табысқа жетеді.

№32 (4620) Сенбі 16 наурыз 2024 жыл



# ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



## ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ АТЫРАУ, 2024 ЖЫЛ



### БАТЫРЛАР ЕСІМІМЕН АТАЛАДЫ

Елімізде әскери және күштік құрылым қызметкерлеріне арналған «Айбын» ордені бар. Осы мәртебелі орденнің түрлі дәрежесі Сағадат Нұрмағамбетовтің, Бауыржан Момышұлының және Рақымжан Қошқарбаевтың есімімен аталатын болды. Бұл туралы кешегі Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап айтты.



### ОН КҮН ТОЙЛАНАДЫ

Биыл Наурыз мейрамының ресми мереке күндері – 21, 22 және 23 наурыз болады. Бұл күндерге сенбі және жексенбі де қосылып, нәтижесінде қазақстандықтар 5 күн демалады.

Сенбілік демалыс күні дүйсенбіге ауыстырылады. Ал алты күндік жұмыс аптасындағылар – 21, 22, 23 және 24 наурыз (бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі) күндері демалады.

Жалпы, елімізде Наурыз мейрамы 2024 жылдан бастап жаңаша тойланатыны хабарланған болатын. Мереке 10 күн – 14-23 наурыз аралығында өтеді және бұл кезең Наурызнама деп аталады.

## ҚАҒИДАМЫЗ – ӘДІЛДІК, ТІРЕГІМІЗ – ЖАУАПКЕРШІЛІК, МАҚСАТЫМЫЗ – ӨРЛЕУ

Кеше Атырауда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысы өтті. Алдымен Ұлттық құрылтай мүшелері секцияларда айтылған ұсыныстар мен бастамаларды ортаға салып, өз ойларымен бөлісті.

(Жалғасы 2-6-беттерде)

### ЕЛОРДАДА ЖЫЛУ ТАРИФІ ТӨМЕНДЕТІЛДІ

Ақпан айында астаналықтар жылу мен электр энергиясы төлемдерінің күрт көтерілгеніне наразылық білдірген болатын. Осы мәселені Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Астана қаласы бойынша департаменті қолға алып, 15 наурызда жылу тарифтері төмендетілді.

«Астана-Теплотранзит» АҚ-ның қызметін талдау барысының нәтижесінде «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес шаралар қабылданды» деп мәлім етілді. Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің баспасөз

қызметінің хабарламасында. Осылайша, қайта қаржыландыру мөлшерлемесін ескере отырып, тұтынушылардың жалпы сомасы 3 149 711 000 теңгеге құқықтары қалпына келтірілді. Қабылданған шаралар түпкілікті тұтынушы үшін жылу тарифін 8 пайызға төмендетті.

### НАУРЫЗДЫҢ ҚАСИЕТІ – ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

Биыл Наурыз мерекесі ерекше форматта аталып өтуде. Наурызнама онкүндігі бекітіліп, соған сай 14-23 наурыз аралығында түрлі атаулы күндер белгіленді. Наурызнаманың екінші күні «қайырымдылық» деп аталды. Соның аясында Астана қаласы әкімдігі мен Qazaq oil компаниясы бірлесе қаладағы мұқтаж отбасыларға 1000-нан астам азық-түлік себетін таратты.

8



# АДАЛ АДАМ – АДАЛ

## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙДЫҢ

### ҚҰРМЕТТІ ҚАУЫМ! АРДАҚТЫ АҒАЙЫН!

Ең алдымен, мен баршаңызға Көрісу күні құтты болсын дегім келеді. Қыстан аман-есен шыққан туған-туыс, ағайын бір-бірімен қауышып жатыр. Ел арасында Көрісу күні еліміздің батыс аймағына тән мереке деген түсінік бар. Бірақ бұл қазақтың көнеден келе жатқан дәстүрі екенін ұмытпауымыз керек. Сондықтан біз тұтас ел болып, Наурыз мейрамын осы күннен, яғни Көрісу күнінен бастап тойлауымыз жарасымды болары сөзсіз.

Биыл Ұлыстың Ұлы күні қасиетті Ораза айының алғашқы күндерімен тұспа-тұс келіп отыр. Ұлттық құрылтай да Өз-Наурыз қарсаңында өтіп жатыр. Ұлыстың ұлы күні табиғат пен тұтас тіршілік жаңарады. Ал құрылтайда қоғамдық құндылықтарды жаңғырту үшін маңызды қадамдар жасалады. Жаңару мен жаңғыру жақсылыққа жол ашады. Сондықтан құрылтай мүшелерінің жылына бір рет алкалы жиында бас қосуы игі дәстүрге айналды.

Алғашқы отырыс ұлт ұясы Ұлытау жерінде өтсе, былтыр киелі Түркістанда жиналды. Бүгін тағы бір тарихи өлке – Атырау облысына келіп отырмыз. Үшінші отырыстың Жайық жағасында өтіп жатқаны тегін емес. Әйгілі Сарайшық қаласы осы жерге тиіп тұр. Бұл шаһар Ұлық ұлыстың, кейін Қазақ хандығының маңызды әкімшілік және сауда орталығы болғаны тарихтан белгілі. Ұлы Жібек Жолының бойында тұрған қала бір кездері айрықша геостратегиялық рөл атқарған. Батыс пен Шығыстың экономикалық, саяси, мәдени қарым-қатынасына ерекше ықпал еткен. Атақты хандарымыз осы жерге ордасын тігіп, ел билеген. Бірқатары Сарайшықта мәңгілік мекенін тапқан. Тарихшылардың пайымдауынша, Қазақ хандығын қуатты мемлекетке айналдырған Қасым хан осында жерленген. Бір сөзбен айтсақ, Сарайшық – төл шежіремізде айрықша орны бар киелі шаһар.

Біз елдігіміздің негізін қалап, оны ұрпаққа табыстаған бабалар рухына тағзым етеміз. Алайда өткенімен ғана өмір сүретін жұрт өркеніетті ел бола алмайды. Ұлт сапасын жақсартамыз десек, бір ел болып жана құндылықтар жүйесін қалыптастыруымыз қажет. Құрылтай – ешқашан той тойлап, әңгіме-дүкен құратын жиын болған емес, келешекте де ондай болмайды.

Алдыңғы екі отырыста елімізді дамытуға қатысты маңызды бастамалар көтерілді. Оның біразы орындалды. Жалпы, өзгерістер барлық салада болып жатыр. Мен былтыр күздегі Жолдауыма жаңа экономикалық саясатқа көшетімізді айттым. Ақпанның басында Үкімет ауысты, жаңа міндеттер жүктелді. Дегенмен нағыз дамыған ел болу үшін тек экономикалық мақсат қою жеткіліксіз.

Әлеуметтік, шаруашылық, идеологиялық және басқа да салалардағы бағдарымызды айқындап, нақты шараларды қолға алуымыз керек. Сондықтан биыл Ұлттық құрылтайды жылдағыдай жазда емес, ертерек өткізіп отырмыз. Осы орайда бірқатар өзекті мәселеге арнайы тоқталғым келеді.

Ең алдымен, халықтың береке-бірлігін сақтау елдігіміз үшін аса маңызды. Бұл туралы үнемі айтып жүргенімді білесіздер. Ынтымағы жарасқан, ортақ мақсатқа ұйысқан ұлт ешқашан ұтылмайды, ештеңеден құр қалмайды. Бұл істе зиялы қауым айрықша рөл атқарады. Әсіресе, елге сөзі өтетін аға буынның орны бөлек. Олар – қазақтың қаймағы, ұлттың мақтанышы. Елдің тұтастығы зиялы қауымның бірлігінен басталады. Яғни, алдымен ел ағаларының арасында ауызбіршілік болуы керек. Олар ұрпаққа өнеге болатын кесек әңгіме айтуы қажет. Жазушылар одағының төрағасы, Ұлттық құрылтайдың мүшесі Мереке Құлқенов жақында осы мәселе туралы орынды пікір білдірді. Халқымыздың көрнекті тұлғалары бірін-бірі мойындап, өзара құрмет көрсете білсе, ұлтымыз ұйыса



түседі деп айтты.

Қазір ертеде өткен оқиғаларға, белгілі бір тұлғаларға қатысты талқылау көбейіп барады. Қаламгерлеріміз, тіпті, Шыңғыс ханның тегі кім деп, айтысып-тартысып жататын болды. Кеңес заманындағы тұлғаларды, әсіресе, Алаш көсемдері мен кеңес қайраткерлерін салыстырып, бір-біріне қарсы қояды. Дәл осындай сөз тартыстарының ақиқатына жету қиын, жеткеннің өзінде ел ішіне ірікті салатын мұндай дау-дамайдың еш қажеті жоқ. Әр дәуірдің өз ерекшелігі бар. Әрбір тұлға өзінің көзқарасына, дүниетанымына қарай және өз қоғамының мүддесіне сәйкес елге қызмет етті. Олар, яғни, сол заманның қайраткерлері бір кездері ұстанған бағытына бола дауласа, ендігі ұрпақ кімнің ісі дұрыс, кімдікі бұрыс деп даурығып жүр. Жалпы, бұрынғы және қазіргі тарихтың түрлі кезеңдерін, тұлғаларын бір-біріне қарсы қоюға болмайды. Түптеп келгенде, мұның бәрі – біздің тарихымыз. Бұл – халқымыздың жүріп өткен жолы. Сол себепті, қалай десек те, тарихымызға шынайы көзбен қарап, оны сол қалпында қабылдауымыз керек.

Ұлт жылнамасы елді біріктіретін фактор болуға тиіс. Ашығын айтуымыз керек, біз тарихқа келгенде көбінесе эмоцияға беріліп кетеміз. Өткен заманды орынсыз қазбалау жақсылық әкелмейді, оның пайдасынан гөрі, зияны көп. «Өспейтін елдің баласы өнбейтін дауды қуады» деп бекер айтпаған. Өткен іс өтті, енді оны ешкім өзгерте алмайды. Уақыт ең әділ төреші екенін ұмытпайық. Бізге бітпейтін дау-дамай емес, мызғымас ынтымақ пен бірлік керек. Қазіргі тарихи кезеңде халқымыздың сөзі де, ісі де – бір болуы қажет. Сондықтан зиялы қауым, ең алдымен, еліміздің бірлігін нығайтуға баса назар аударғаны жөн.

Аға буын жас ұрпаққа жол нұсқап, бағыт-бағдар беруі керек. Елімізде көзі ашық, көкірегі ояу, ойы ұшқыр, білімді жастар көп. Біз олардың бойына асыл қасиеттерді сіңіруіміз қажет. Ұлы Абайдың «Бірінді қазақ, бірін дос, көрмесен, істің бәрі – бос» деген сөзі әлі де өзекті болып тұр. Мен зиялы қауым өкілдерінің бір-біріне әрдайым тілектес болғанын қалаймын. Өзара жанашыр болу, түптеп келгенде, елге жанашыр болу деген сөз. Тағы да қайталап айтқым келеді: ұсақ-түйек әңгімені қою қажет.

Қазақты бөліп-жаруға болмайды. Біз жалпыұлттық деңгейде ойлауға ұмтылуымыз керек. Мысалы, әрбір қазақ ата-бабасын құрметтейді, рухына тағзым етеді. Сондықтан шежіре біздің мәдени коддымыздың ажырамас бөлігіне айналған. Бірақ біз тек қана осы түсінікпен шектеліп қалмауымыз қажет. Ең бастысы, бұл мәселені ешқашан саясатпен араластыруға болмайды.

Соңғы кезде ата-бабасының, жерлесінің есімін ұлықтауды сұрап, ұжымдық хат жазу әдетке айналып барады. Атасына ескерткіш қоюды, көшеге атын беруді өгінетіндер көбейді. Бұл – жағымсыз жағдай. Мұндай ұстанымдар еліміздің біртұтас идеологиялық кеңістігіне зиян келтіреді. Ұрпақ тәрбиесіне кесірін тигізеді. Тіпті, шетелде бізді көне заманға және кеңестік кезеңге қатысты монументтер қаптаған «Ескерткіштер елі» деп айтатын болды.

Ономастика саласында белгілі тарихи тұлғалармен қатар, жалпыұлттық құндылықтар да назардан тыс қалмауға тиіс. Тәуелсіздік, республика, бірлік сияқты мемлекеттілігіміздің басты тұғыры саналатын негізгі ұғымдарға баса мән беру керек. Елдігімізді сақтаймыз, мықты мемлекет боламыз десек, осының бәрін естен шығармаған абзал. Шын мәнінде, жеке мүддесін емес,

ел мүддесін бәрінен биік қоятын азаматтар ұрпаққа үлгі болуы қажет. Әсіресе, қазіргі геосаяси жағдайда бұл міндет аса маңызды екенін ұмытпаған жөн. Осы орайда мен әйгілі қаламгер, көрнекті мемлекет қайраткері Әбіш Кекілбаевты айрықша атап өткім келеді. Ол – руханият саласында, мемлекеттік қызметте ерекше қолтаңбасын қалдырған біртуар тұлға, классик жазушы. Мен Әбекемен қызметтес болдым, жақын араластым. Әбіш Кекілбайұлы нағыз тау тұлғалы азамат еді. Ол ішкі мәдениеті өте жоғары жан болатын. Ешқашан біреуді біреуге қарсы қоймайтын, бәріне сүйіспеншілікпен қарайтын. Әр аймақтан өзіне сәлем беруге келген азаматтарға есігі қашанда айқара ашық еді. Онымен тілдескен адамдар рухтанып, қанаттанып шығатын. Әбекең ұсақ-түйек әңгімеге берілмейтін, жалпы адамзатқа ортақ мәселелер туралы ойланып, толғанатын. Бір сөзбен айтсақ, Әбіш Кекілбаев нағыз зиялы адам, кемеңгер тұлға болды.

Сондай-ақ бүгін ортамызда құрылтай мүшесі, аса көрнекті мәдениет қайраткері, Қазақстанның Еңбек Ері Лия Жақанов отыр. Лекең де – нағыз мемлекетшіл тұлға, зиялы қауым ішіндегі аса беделді ағамыз. Әрдайым салмақты ой, саликалы пікірімен елге сыйлы болып жүрген ардақты азамат. Біз халқымыздың осындай перзенттерін, олардың өмір жолын жан-жақты дәріптеуіміз керек, лайықты құрмет көрсетуіміз қажет.

Келесі мәселе. Тіліміздің қолдану аясын кеңейте түсу мемлекеттік саясаттың басты бағыты болып қала береді. Бұл – біз үшін мызғымас ұстаным. Елімізде қазақ тіліне деген сұраныс жыл өткен сайын артып келеді. Қазақ тілі бизнестің, ғылым мен техниканың тіліне айнала бастады. Бұл үрдісті одан әрі дамытудың ең тиімді әрі төте жолы – ағартушылық. Қазір ірі кітап дүкендерінде қазақ тіліндегі туындылардың үлесі арта түсті. Соңғы кезде баспагерлердің жаңа буыны әлемдік бетселерге айналған шығармаларды аударып жүр. Көптеген кітаптарды шығарып жатыр. Аударылған кітаптардың ішінде көркем әдебиет қана емес, іскерлік бағыттағы туындылар да көп. Мемлекеттік саясаттың мәні – осында.

Ешкімді мәжбүрлемей, күнделікті өмірдегі қажеттілікті арттыру арқылы тіліміздің тұғырын нығайта береміз. Мемлекеттік тілге қатысты құр сөзден ештеңе шықпайды. Ең бастысы, нақты іс болуы керек. Осы тұста, халықаралық «Қазақ тілі қоғамы» туралы ерекше атап өткім келеді. Қазір Ұлттық құрылтайдың мүшесі Рауан Кенжетханұлы бастаған жаңа буын өкілдері ұйым тізгінін қолға алды. Мен қоғамның «Qazaq tilі» эндаумент қорын құру туралы ұсынысын қолдадым. Осы жақсы бастаманы қолында қаржысы бар азаматтар жалғастырып әкетті. Тілімізге қамқорлық танытқан жандарға ерекше ризашылығымызды білдіремін.

Қалталы, жанашыр азаматтар қорды ұлғайтуға үлес қосады деп сенемін.

Мен экономиканы дамыту үшін «Креативті индустрияның» мән-маңызы зор екенін үнемі айтып жүрмін. Бұл мемлекеттік тілдің болашағы үшін де өте маңызды. Қазақ тілін дамытамыз десек, қазіргі заманғы әдіс-тәсілдерді барынша тиімді пайдаланған дұрыс. Тек ақпараттық технологияның пайдасын алып, зиянды жағынан сақ болған жөн. Ашығын айтсақ, интернетті талғамсыз пайдалану бала тәрбиесіне теріс ықпал етіп жатыр. Бұл – өкінішке қарай, ақиқат. Балалар түгілі, ата-аналар да әлеуметтік желідегі мағынасыз контентке тым әуес.

Біз, ең алдымен, жастарды кітап оқуға баулуымыз керек. Сонда жаппай кітап оқитын ұлтқа айналамыз. Тәуелсіздік кезеңінде елімізде кітапхана ісі кенжелеп қалды. Тоқсаныншы жылдардағы аласапыран уақытта мыңдаған кітапхана жабылды. Миллиондаған кітап қорынан айырылды. Соңғы жылдары жағдайы түзеу үшін әрекет жасалып жатыр.

Кітапхана – мемлекеттің, ұлттың негізгі жады. Еліміз үшін құнды тарихи деректер мен материалдардың дені кітапханада сақталады. Сондықтан кітапхана ісін дамытуға бей-жай қарауға болмайды. Кітап оқырманға қолжетімді болуы керек. Өздеріңізге мәлім, мен былтыр Түркістанда өткен құрылтайда елімізде тәулік бойы жұмыс істейтін заманауи кітапхана салу туралы айттым. Ондай кітапханалар көптеген елде бар. Менің тапсырмаммен Алматыда және Астанада көп ұзамай осындай тамаша ғимараттар бой көтермек. Жалпы, бұл саланы жетілдіру үшін басқа да ауқымды шараларды қолға алу қажет. Алматыда кейбір кітапханалар заман талабына сай жаңғыртылды. Онда жастардың шығармашылықпен айналысып, білімін ұштауына толық мүмкіндік бар. Облыс әкімдері осы жақсы тәжірибені жалғастыруы керек.

Кітапқұмарлық – жақсы қасиет. Мысалы, көптеген мемлекет Ұлттық кітап күнін атап өтеді. Бөріхан Нұр-мұхамедов, Айдос Сарым, Данияр Әшімбаев бастаған құрылтай мүшелері осындай бастама көтерді. Мен олардың Ұлттық кітап күнін белгілеу туралы ұсынысын қолдаймын. Бірақ оны мазмұнды етіп өткізу қажет. Мысалы, түрлі іс-шаралар ұйымдастырып, арнайы жәрмеңкелер өткізу қажет. Шын мәнінде, озық ойлы ұлт болудың ең төте жолы – кітап оқу. Сондықтан кітап оқу мәдениетін қоғамда барынша орнықтыруымыз керек.

Біз болашаққа сеніммен қадам басу үшін төл тарихымыздың ауқымы кең екенін толық сезініп, мәдени мұрамызды сақтап, оны дәріптеуіміз қажет. Қазақстан – Ұлы даладағы көшпенділер өркеніетінің тікелей мұрагері. Жер жүзіне Алтын Орда деген атпен танылған әйгілі Жошы Ұлысы Орталық Еуразияның байтақ



# ЕҢБЕК – АДАЛ ТАБЫС

«АДАЛ АДАМ – АДАЛ ЕҢБЕК – АДАЛ ТАБЫС» АТТЫ ҮШІНШІ ОТЫРЫСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ



даласындағы ең қуатты мемлекет ретінде мойындалған. Осы ортағасырлық державаның геосаяси мұрасы бірқатар Еуразия мемлекетінің, соның ішінде Қазақ хандығының құрылуына негіз болды. Ұлық Ұлыстың жерінде сан алуан этнос және дін өкілдері бір шаңырақтың астында өмір сүрді. Түрлі мәдениеттер өзара астасып, мемлекет құру ісінің бірегей үлгісі қалыптасты.

Жошы әулеті 6 ғасыр бойы Орталық Еуразияның тағдырына тікелей ықпал етті. Ұлан-ғайыр аумақта біртұтас өркениет құруға ұмтылды. Жошы ұлысы Ұлы даланы мекен еткен халықтардың сан ғасырлық даму бағдарын айқындап отырды. Ұлық Ұлыс мемлекетті басқару ісін жаңа деңгейге көтерді. Оның Рим империясымен ұқсастығы да – осында.

Биыл Жошы ұлысының негізі қаланғанына 800 жыл толды. Бүгінгі жиынымыз да осы мерейлі белеске тұспа-тұс келіп отыр. Мұның зор символдық мәні бар. Біз аста-төк той жасауға емес, салмақты зерттеу жүргізуге баса мән беруіміз керек. Жошы ұлысы Қазақстанның мемлекеттік дәстүрінде айрықша орын алады.

Еліміздің өткені, бүгінгі мен болашағы оның тарихи мұрасымен тығыз астасып жатыр. Ендеше, Алтын Орда туралы халықаралық аренадағы түсінік Қазақстанмен тікелей байланысты болуы керек. Жақында Алтын Орданың тарихи және әйгілі тұлғалары туралы көп сериялы деректі фильм түсіру үшін тиісті жұмыстар басталды. Оған шетелдің танымал мамандары тартылып жатыр. Фильм белгілі халықаралық платформалар арқылы көрсетілуі керек. Жалпы, елімізді әлемге таныту үшін Алтын Орда брендині жан-жақты және кеңінен пайдалану керек. Оны толық зерттеу үшін табанды жұмыс істеу керек. Бұл бағытта біраз шаруа атқарылды. Менің бастамамен Жошы Ұлысын зерттейтін ғылыми институт құрылды.

Қазір Қазақстанның жеті томдық жаңа академиялық тарихын жазу үшін нақты жұмыс жүргізіліп жатыр. Оған 250-ден астам ғалым, соның ішінде 60 шетелдік маман жұмылдырылды. Академиялық басылымның осындай үлгісін әзірлеу тәжірибесінде алғаш рет Жошы ұлысына жеке том арналмақ. Оны дайындауға Ресейдің көрнекті тарихшысы Вадим Трепавлов та атсалысты. Өкінішке қарай, ол жақында өмірден озды. Бірақ Вадим Трепавлов өте құнды зерттеу материалдарын әзірлеп, оны көптомдықтардың редакциялық алқасына табыстап кетті. Бұл – Қазақстан мен Ресейдің тарихи мектептері арасындағы тиімді ықпалдастықтың жарқын көрінісі.

Быттыр Қазақстан ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұралар комитетіне мүше болып сайланды. Мұндай мүмкіндікті ұтымды пайдалануымыз керек. Алтын-емел және Барсақалмекс ЮНЕСКО мұралары тізіміне енгізілді. Рухани

маңызы бар жұмысты жалғастыру қажет. Елімізде қайталанбас табиғи және тарихи мекендер көп. Осындай теңдесі жоқ орындардың бірі – біздің ұлттық мақтанышымыз бұл – Үстірт қорығы. Ондағы тылсым табиғат көріністері туристердің ерекше қызығушылығын туғызады. Шетелдің танымал кәсіби фотографтары оны суретке түсіру үшін алыстан арнайы келеді.

Бұл жердегі тағы бір таңғажайып мұра – жерасты мешіттері. Батыс аймақта осындай 20-дан астам мешіт бар. Тарихи нысандар әртүрлі кезеңде салынған және бір-бірінен өзгеше. Мұның өзі еліміздің рухани кеңістігінде ерекше дәстүрлер болғанын және тамыры тереңде жатқанын көрсетеді. Біз оның бәрін мұқият сақтап, жер жүзіне танытуымыз қажет. Мен тиісті мемлекеттік органдарға Ұлттық комиссиямен бірлесіп, осы нысандарды ЮНЕСКО мұралары тізіміне қосу жөніндегі жұмысты бастауды тапсырамын.

Қазақстанды «Таңбалы тастар мекені» деп бекер айтпайды. Ешкіөлмес жотасы – Еуразия құрлығындағы петроглиф ең көп жердің бірі. Арпаөзен, Құлжабасы, Сауысқандық сайларында көптеген тарихи сурет сақталған. Бұл жәдігерлер – Дала өркениетінің сан мың жылдық шежіресі. Соңғы жылдары құрылысқа қажет деген желеумен кейбір жәдігерлеріміз бүлініп жатыр. Біз теңдессіз тарихи нысандарымызды жоюға жол бермей, мұқият қорғауымыз керек. Құзырлы органдарға тиісті шара қабылдауды тапсырамын. Қажет болса, заңнамаға өзгеріс енгізу мәселесін қарастырамын.

Біз бай тарихи-мәдени мұраларымызды сақтау үшін археология саласында тәртіп орнатуымыз керек. Елімізде кәсіби археологтар тапшы, археологиялық қазба жүргізу үшін лицензия беру ісінде шешімін таппаған түйткілдер бар. Соның салдарынан Қазақстандағы археология саласындағы күмәнді адамдар жайлап алды. Олар құрылыс фирмаларына жекелеген жер телімдерінің тарихи-археологиялық маңызы жоқ деген жалған ғылыми қорытындылар беріп жүр. Осы қызметі үшін қыруар ақша алады.

Дәл сол сияқты «қарақшы-археологтар» мәселесі де бар. Соңғы жиырма жыл ішінде еліміздегі аса маңызды археологиялық ескерткіштердің көбі әбден тоналды. Тіпті, еліміздің аумағынан табылған құнды жәдігерлерді Қазақстандағы, шетелдегі жеке коллекциялардан және әлемнің әртүрлі мұражайларынан көретін болдық. Бұл мәселені шұғыл қолға алу керек. Атап айтқанда, археология саласына қатысты заңдарды жетілдіру, лицензия беру ісін реттеу және археологиялық қазба жұмыстарын заңсыз жүргізгені үшін жазаны күшейту қажет. Тарихи-мәдени мұра сапатына кіретін нысандарға реставрация жасау ісін ретке келтіретін шараларды күшей-

ткен жөн. Тарихи жәдігерлерімізді шетел мұражайларынан Қазақстанға қайтару жұмыстарын жаңадандыру да маңызды. Ондай мүмкіндік болмаса, еліміздегі мұражайларға қою үшін жәдігерлеріміздің дәлме-дәл көшірмесін жасау керек. Әртүрлі фракцияның өкілі әрі құрылтай мүшесі саналатын Мәжіліс депутаттары бұл мәселені шешуге күш-жігерін салады деп сенемін.

Ендігі мәселе – ұлттық бірегейлігімізді нығайту. Мен «Egemen Qazaqstan» газетіне берген сұхбатымда Ұлыстың ұлы күнін бүкіл ел болып жаңаша атап өтетінімізді айттым. Жақында осыған байланысты арнайы тұжырымдама қабылданды. Әрине, бүкіл мемлекеттің бірлесіп қарсы алатын Жаңа жыл мерекесінен бас тартпаймыз. Бірақ Әз Наурыздың мәртебесін көтеріп, мазмұнын байыта түсеміз. Мысалы, Көрісу күнінен басталатын мейрам кезінде әр күннің өз атауы болады. Соның бірі Ұлттық киім күні деп аталады. Басқа жұрт қазақты киімінен танитын болуы керек. Мен быттыр ауызашар берген кезде осы мәселеге арнайы тоқталдым.

Кейбір ірі компаниялар мен оқу орындары ұлттық нақышта киіну үрдісін енгізіп жатыр. Бұл – өте орынды бастама, оны қолдап, ауқымын кеңейте түскен жөн. Әсіресе, қазіргі таңда мұндай қадамдардың мән-маңызы айрықша. Себебі соңғы жылдары ел ішінде қара киініп, түмшаланып жүретін адамдар пайда болғаны баршаңызға мәлім. Олар – бөтен емес, өз азаматтарымыз. Халқымыздың дүниетанымында қара киініп жүру деген атымыз болмаған. Бұл – еліктеушіліктен, әсіре-діншілдіктен туған үрдіс. Біз салт-дәстүрімізден ажырамауымыз керек. Радикалды неофиттар халқымыздың салтында жоқ киім үлгілері арқылы да жат діни идеяларды қоғамға тауға тырысып жүр. Бұл біздің дәстүрлі ұғымдарымыз бен құндылықтарымызға жасалып жатқан ашық шабуыл екені анық. Біз бабаларымыздың сан мыңжылдық діни ілімі мен рухани бағдарына арқа сүйеуіміз керек. Еліміздің рухани дербестігін сақтап, оны нығайта түсеміз десек, түркі халықтарының көпшілігінің, соның ішінде қазақтардың дәстүрлі діні – сунниттік бағыттағы ханафи мәзһабына ден қоюымыз қажет.

Дүниеге ақыл-парасатпен қарау және еркін ойлау секілді ханафизмге тән қасиеттер ислам өркениетінің қайта өрлеуіне жол ашты. Сондай-ақ біздің өңірде өнер-ғылымның өркендеуіне және әл-Фараби сияқты ұлы ойшылдардың тарих сахнасына шығуына ықпал етті. Ислам дінінің Ұлы дала төрінде таралып, тамыр жаюына орасан зор үлес қосқан, түркі әлеміндегі сопылық ілімінің негізін қалаған Қожа Ахмет Ясауи мұраларын терең зерделеп, дәріптеуге де айрықша назар аударған жөн. Бұл мәселе бойынша ең әуелі өз еліміздің және шетелдің ғалымдарын шақырып,

арнайы симпозиум өткізу қажет.

Осы орайда, Ясауи кесенесіне қатысты көне жәдігер туралы айта кеткім келеді. Ислам елдерінде әйгілі дін қайраткерлерінің бейіті міндетті түрде жапқышпен жабылады. Мәдинадағы Мұхаммед Пайғамбардың қабірі де осылай бүркелген. Бұл – Ислам өркениетінің дәстүрі. Ал қасиетті Түркістандағы Ясауи қабірінде көптен бері арнайы жапқыш жоқ. Талай заманнан келе жатқан көне жапқышты қалпына келтіру жұмысы біраз жыл бұрын басталып, аяқсыз қалған. Мен құзырлы мемлекеттік органға осы құнды мұраны тезірек сапалы жөндеуден өткізіп, тарихи орнына қайтаруды тапсырамын.

Біз халқымыздың рухани негізін құрметтей отырып, мемлекетіміздің зайырлы ел ретіндегі мәртебесін күшейте түсуіміз керек. Қазақстан өзінің мемлекеттілігіне және қоғамдық моральіне қайшы келмейтін діни наным-сенімдердің, түрлі танымдар мен ілімдердің бәрін түсіністікпен қарайды. Бірақ бұл батыстың, я болмаса басқа да көзқарас иелерінің ықпалымен төл мәдениетімізге жат әрі әлемнің дуалистік негізіне кереғар құндылықтарды насихаттаушылардың жетегіне еріп кете алмаймыз, кетпейміз де! Деструктивті насихаттарға біздің еліміздегі балалар да ілесіп кетіп жүр. Сондықтан мұның зардап-залалы өте зор болуы мүмкін. Таразы басында өскелең ұрпақтың рухани жағынан сау-саламатты болу мәселесі тұр. Біздің осыған қатысты ұстанымымызға саяси ахуал да, жер жүзінде санға айналған жаңа үрдістер де әсер ете алмайды.

Біз дәстүрлі отбасы құндылықтарын табанды түрде орнықтыра беруіміз қажет. Ислам қағидаларын өрескел бұрмалап, қатып қалған догма ретінде қабылдайтын отбасылардағы әйелдерді кемсіту, тіпті қорлау фактілеріне ерекше назар аударған жөн. Мұндай отбасылардың тұрмыс-тіршілігі ғылым мен техниканың жетістіктеріне толы XXI ғасырдың өмір салтына мүлде үйлеспейтін сорақы тыйымдар мен тәртіптерге негізделген. Кейбір адамдар әдейі кері кетуді қалап, орта ғасырларға тән ескі таным-түсінік пен іс-әрекетке бой ұратын сияқты көрінеді.

Елімізде қыз алып қашуды, көп әйел алуды ұлттық дәстүр санап, ел ішінде дәріптегісі келетіндер бар. Бұл – мүлдем ақтауға болмайтын заңсыздық, қараңғылық, тіпті, масқара тірлік. Өркениетті қоғамда әр азаматтың абыройы, құқығы және бостандығы баға жетпес құндылық болуы керек. Сондықтан мұндай ақылға сыймайтын әрекеттерді қатаң сынға алу жеткіліксіз. Оған құқықтық баға беріліп, біржола тосқауыл қойылуға тиіс.

«Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар». Ата жолын сақтаймыз десек, ғасырлар бойы бабаларымыз ұстанған асыл дінімізді сақтайық. Дәстүрлі ислам

– халқымыздың ұлттық бірегейлігін танытатын басты құндылықтың бірі. Біз оны берік ұстану арқылы экстремизмге және кертартпалыққа қарсы тұра аламыз.

Жұртымыздың өзіне ғана тән ерекшелігі бар. Біз осы мәдени кодымызды сақтап, бабалар жолымен жүрміз керек. Ұлттық бірегейлігіміз мемлекеттік рәміздерде айқын көрініс тапқан. Мен быттыр аймақтардың нышанын, яғни символикасын жүйелеп, бірыңғай стандартқа келтіру қажеттігін айттым. Нышандардан сол өңірдің ерекшелігімен қатар, еліміздің болмыс-бітімі де байқалуға тиіс. Қазір осы бағытта нақты жұмыс жасалып жатыр. Бұған мамандар, сарапшылар және белсенді азаматтар атсалысуда.

Сонымен қатар олар мемлекеттік нышандарымызды түгел жаңғырту туралы пікір айтып жатқанын білемін. Біздің Көк туымызда мін жоқ. Онда еліміздің бірегей болмысы нақты бейнеленген. Әнұранымыз да нағыз ұлттық рухты паш етеді. Қазақтың Әнұраны әлемнің әр түркірінде шырақалып жүр. Жаңа жылды жақын-дарымыздың ортасында Әнұранмен қарсы алу жақсы дәстүрге айналды. Бір сөзбен айтсақ, Әнұранымыздың сөзі де, әуені де халықтың жүрегіне әбден орныққан.

Ал Елтаңбамызға қатысты сыни пікірлер айтылып қалады. Оны Кеңес заманындағы Гербеке ұқсатып жатады. Тым эклектикалық, күрделі дейді. Мұндай ойды ел ісіне бейжай қарамайтын белсенді азаматтар ғана емес, мамандар да айтып жүр. Орындар пайымдар ескерусіз қалмауы керек. Ортақ келісімге келген жағдайда арнаулы комиссия құруға болады. Бұл комиссия мәселені жан-жақты қарастырып, қоғамдық талқылау өткізеді. Соның Қазақстанның жаңа Елтаңбасының жобасын жасауға ашық байқау жарияланады.

Ұлттық бірегейлігімізді нығайтумен қатар, ел қорғаған ерлердің есімін жадымызда жаңғырту да маңызды. Қазір көптеген мемлекетте өткен күннің елеулі оқиғаларына қатысты көзқарастар ақпараттық және саяси ойынның құралына айналып барады. Екінші дүниежүзілік соғыс ескі шежіреге айналған сайын тарихи және әскери тақырыптағы алып-қашпа аңыз әңгімелер көбейе түсті. Қазақстан әрқашан тарихи шындықтың және адамзат жылынамысындағы ең қанды қасап туралы шынайы көзқарастың сақталғанын қалайды. Келесі жылы әлемде Ұлы Жеңістің 80 жылдығы кеңінен атап өтіледі. Ұлттық құрылтайдың мүшесі, Мәжіліс депутаты Еділ Жаңбыршин дұрыс айтты, айтулы датаны мерекелеуге дайындықты қазірден бастауымыз керек.

(Жалғасы 4-5-беттерде)

# АДАЛ АДАМ – АДАЛ



(Жалғасы. Басы 2-3-беттерде)

Соңғы жылдары мемлекетіміз тарихи әділдікті қалпына келтіруге баса мән беріп отыр. «Төл шежіреміздің ақтаңдақ беттерін» ашу үшін жүйелі жұмыс жүргізіліп жатыр. Өткенді саралап, оған шынайы баға берудің маңызы зор. Сол үшін мұрағат материалдарын мұқият зерттеу қажет. Осы орайда «Қазақстанның қаһарман майдангерлері» жобасын ерекше атап өткім келеді. Жобаға Қазақстанның Еңбек Ері, Мәжіліс депутаты, Ұлттық құрылтайдың мүшесі Бақтықожа Измұхамбетов жетекшілік етеді. Зерттеушілер бұл жұмыспен отыз жыл бойы табанды түрде айналысып келеді. Осы кезеңде Қазақстанның шыққан жауынгерлердің тағдыры мен ерлігі туралы 56 том еңбек жарық көрді. Оның 6 томы майдан шебінде болған әйелдерге арналған.

Жеңістің 80 жылдығына орай зерттеулер тың қарқынмен жалғасады деп сенемін. Сұрапыл соғыс кезіндегі аға буынның өшпес ерлігі мен ерен еңбегін ұрпақ жадында жаңғырту өте маңызды. Мемлекет бұл бағыттағы жұмысты жалғастыра береді.

Мәлік Ғабдуллин, Сабыр Рахимов, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова және басқа да батырлардың есімі елді мекендерге, түрлі нысандарға, көшелерге берілген. Училишелерді, авиация базаларын және әуежайларды батыр қырандарымыздың есімімен атау дәстүрге айналды. Мысалы, Ақтөбедегі Әуе қорғанысы күштерінің әскери институты Талғат Бигелдиновтің атымен аталады. Қарағандыдағы авиация базасына Нұркен Әбдіровтің, Атыраудағы халықаралық әуежайға Хиуаз Доспанованың есімі берілген. Бұл бағыттағы жұмысты жалғастыру қажет. Осы орайда майдан шебінде ерекше қаһармандығымен дараланған әйгілі ұшқыш, Кеңес Одағының екі мәрте батыры Сергей Луганскийдің ерлігі лайықты бағалануға тиіс. Алматының бір көшесі осы қалада туған даңқты ұшқыштың есімімен аталады.

Қазақстан әуе қорғанысы күштерінің Талдықорғандағы әуе базасын да Сергей Луганскийдің атымен атаған жөн деп санаймын.

Сондай-ақ біз кезінде ерлігі еленбей қалған батырларымызға «Халық қаһарманы» атағын беруді игі дәстүрге айналдырдық. Ең жоғары әскери атақ 2022 жылы марқұмдар Төлеуғали Әбдібековке, Александр Несмияновқа және Ыбырайым Сүлейменовке берілді. Ал 2023 жылы жүз жасаған ақсақалдарымыз Әбдіғали Қаймолдин мен Иван Гапич осы мәртебелі атаққа ие болды. Екінші дүниежүзілік соғыстағы батырлардың ерлігі – бүгінгі және болашақ Отан қорғаушылар үшін шынайы үлгі-өнеге.

Еліміздің жылнамасына есімі алтын әріппен жазылған батырларымыз аз емес. Мен халқымыздың осындай үш даңқты перзентіне жеке тоқталғым келеді. Майданға взвод командирі

ретінде аттанған Сағадат Нұрмағамбетов соғысты Берлин түбінде батальон командирі болып аяқтады. Сұрапыл соғыстың барлық қиындығын көрген ол Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш қорғаныс министрі болды. Айрықша қолбасшылық қабілетімен аты аңызға айналған тағы бір тұлға – Бауыржан Момышұлы. Ол майдан шебіндегі ең қиын шайқастарға қатысты, батальон, полк, дивизия басқарды. Оның қоршаудан шығу тәсілі кейін соғыс өнеріне «Момышұлы спиралі» деген атаумен енді. Рақымжан Қошқарбаевтың өшпес ерлігі де бүгінде еш талас тудырмайды. Ол – алғашқылардың бірі болып Рейхстагқа ту тіккен батыр.

Мен бытыр Ұлттық құрылтайдың отырысында бірқатар ордендерді көрнекті тұлғаларымыздың атымен атау туралы айтқанымды білесіздер. Мұндай тәжірибе көптеген елде бар. Бұл отандық ерлік және ұлттық бірегейлігімізді нығайтуға ықпал етеді. Қазір мемлекеттік наградалар жүйесін жетілдіру үшін нақты шаралар қолға алынды. Бұл жұмыспен Республикалық комиссия айналысып жатыр. Елімізде әскери және күштік құрылым қызметкерлеріне арналған «Айбын» ордені бар. Осы мәртебелі орденнің түрлі дәрежесін Сағадат Нұрмағамбетовтің, Бауыржан Момышұлының және Рақымжан Қошқарбаевтың есімімен атаған жөн деп санаймын. Бұл тарихи әділдікті қалпына келтіру жолындағы маңызды қадам болмақ. Сол арқылы қаһармандарымыздың ерлігін ұрпақ жадында жаңғыртамыз. Бұл бастама осы марапаттың мазмұнын байыта түседі. Халқымыздың біртуар перзенттеріне тән ерлік рухы осы ордендердің мәртебесін биіктетеді. Сондай-ақ награда иегерлеріне Отанмызға қалтқысыз қызмет етуге ерекше жігер береді. Мен бұған көміл сенемін.

Келесі мәселе. Біз жақсылыққа жетеміз десек, жағымсыз әдеттерден арылуымыз керек. Жақсыдан үйреніп, жаманнан жирене білуіміз қажет. Яғни, шын мәнінде озық ұлт болу үшін жақсылыққа ұмтылумен қатар, еліміздің өсіп-өркендеуіне кедергі болатын жаман әдет, жағымсыз қылық және қауіпті кеселден құтылуымыз керек. Бұл – ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру жолындағы өте маңызды қадам. Ұлы Абай «Бес нәрседен қашық бол, бес нәрсеге асық бол» деген. Бұл – әрине, ешқашан ескірмейтін, мән-маңызын жоғалтпайтын өсиет. Бірақ әр заманның өзіне тән сын-қатерлері бар. Жаһандану үрдісіне, жаңа технологияның дамуына және басқа да себептерге байланысты қоғамға қауіпті жаңа кеселдер пайда болды. Әсіресе, біз мынадай бес кеселмен бүкіл ел болып күресіп, біржолата тосқауыл қоюымыз керек. Алдымен, есірткі саудасы, соның ішінде синтетикалық есірткі айналымы. Өкінішке қарай, бұл індет жаппай белең алып барады. Тек былтырдың өзінде есірткіге қатысты 7,5 мыңнан астам қылмыс анықталды. Заңсыз айналымнан 41

тонна есірткі алынды.

Нашақорлық, әсіресе, балалар арасында тез таралып, жастарымыз уланып жатыр. Есірткімен күрес белсенді жүргізілмесе, ертең бәрі кеш болуы мүмкін. Қазір есірткі сатқан қылмыскер қатаң жазаға тартылады. Менің ұсынымым: есірткі заттарын өндіретін адамдардың жазасын барынша қатайту керек. Оны ең ауыр қылмыстарға теңестіру қажет. Парламентті бұл бастаманы қолдауға шақырамын.

Мен былтырғы құрылтайда балалар мен жастардың денсаулығына, яғни тұтас ұлттың болашағына орасан зор зиян келтіріп жатқан «вейптердің» таралуына тосқауыл қою үшін нақты шаралар қабылдау қажеттігін айттым. Қазір Парламентте вейптерді елге әкелген, оны өндірген және таратқан адамдарды қылмыстық жауапкершілікке тартуды көздейтін заң жобасы қабылданатын. Бұл қадам бұғанды сәнге айналған осы бір қауіпті кеселдің таралуын едәуір шектеп, бетін қайтаратынына сенімдімін.

Денсаулыққа зиян әрі ұят әдеттің бірі – насыбай ату. Оның қалай жасалатыны белгілі, ешқандай санитарлық талап сақталмайды. Құрамында түрлі дертті, соның ішінде онкологиялық ауруларды қоздыратын заттар бар. Насыбайды өндіруге және таратуға 2015 жылы тыйым салынған. Бірақ әлі күнге дейін көшеде, тіпті азық-түлік дүкендерінде ашық сатылып жатыр. Құқық қорғау мекемелері ешқандай шара қолданып жатқан жоқ. Қазір – XXI ғасыр, жоғары технология мен жасанды интеллекті қарқынды дамыған заман. Ал біздің азаматтарымыз аузына насыбай салып, қақырып-түкіріп жүреді. Осы жағымсыз қылықты ата дәстүрі санайды. Шын мәнінде, бұл – барып тұрған мәдениетсіздік. Оны тоқтату қажет. Жалпы, насыбай өндіріп, оны таратқаны үшін заң жүзінде белгіленген жауапкершілік тым төмен. Қазір осыған қатысты заңдарға түзету енгізу мәселесі қарастырылып жатыр. Онда вейп қана емес, насыбай таратқаны үшін де қылмыстық жауапкершілікке тарту көзделген. Бұл қадам насыбайға толық тыйым салуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ ақпарат құралдары арқылы жан-жақты түсіндіру жұмысы жүргізілуі тиіс. Бұл – ұлт саулығына да, еліміздің абырой-беделіне де кесірін тигізетін әдет. Біз өркениетті ел боламыз десек, одан толық арылуымыз керек.

Сол сияқты тағы бір қауіпті кесел – лудомания, яғни құмарпаздық. Кейбір мәліметтерге қарасақ, 400 мыңға жуық азамат – букмекерлік кеңселер мен казинолардың тұрақты клиенті. Бұл – тұтас бір қаланың халық санына пара-пар көрсеткіш. Шын мәнінде, лудомания – бейбіт күнде елдің шырың бұзып жатқан қатер. Соның кесірінен талай шаңырақ шайқалды. Талай азамат заң бұзып, қылмысқа ұрынды. Құмар ойын үшін қарызға батып, өзіне қол жұмсаған жандар туралы хабарлар, өкінішке қарай, күн сайын тарап

жатады. Бұл дерт жас ұрпаққа өте үлкен зиян келтіреді. Онлайн-ойындар балалардың күнделікті ермегіне айналып барады.

Құзырлы органдар былтыр интернет-казиноның белгісі бар 4 мыңнан астам сайтты бұғаттады. Біз нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күресу үшін кешенді жоспар қабылдадық. Үкімет лудоманиямен күреске қатысты дәл сондай жоспар қабылдауы керек. Құмарпаздыққа заң жүзінде шектеу қою қажет. «Апапат» партиясы фракциясының бастамасымен осы мәселе бойынша тиісті заң жобасы әзірленді. Парламентте қаралып жатқан сол жобаны осы сессияның соңына дейін қабылдау қажет. Біз жастардың құмар ойынға салынып, арзан табысқа ұмтылуына жол бермеуіміз керек. Адал еңбекпен тапқан табыс қана берекелі болады.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық, буллинг пен агрессия да қазіргі уақыттағы қатерлі үрдіс. Ашығын айтсақ, қоғамда қатыгездік күшейіп барады. Біреуге тіл тигізіп, ар-намысын таптап, тіпті, ұрып-соғуға дайын тұратындар аз емес. Жедел жәрдем және қоғамдық көлік жүргізушілеріне шабуыл жасалғаны білесіздер. Адамға әлімжеттік көрсету, қорлау дұрыс емес. Мұндай теріс әрекеттерге көз жұма қарауға болмайды. «Ауруын жасырған өледі». Сондықтан біз осы қоғамдық дертті жасырмай, ашық айтуымыз керек. Азаматтарымыз үйде де, түзде де өзін қауіпсіз сезінуге тиіс. Бір сөзбен айтқанда, қауіпсіз ортада өмір сүруі керек. Заң мен тәртіп қатаң сақталуға тиіс, яғни қоғамда Заң үстемдігі болуы қажет. Ең бастысы, біз мейірімді әрі мәдениетті ұрпақ тәрбиелеуіміз керек.

Тағы бір кесел, бұл – вандализм. Өкінішке қарай, қоғамдық мүлктен бастап, мыңжылдық мәдени мұраларға дейін – бәрін жаппай бүлдіру кейінгі кезде әдетке айналған. Бурабайдағы Жұмбақтасты, Баянауылдағы Кемпіртасты қарандар. Ең жауһар жерлеріміздің сұлулығы шимайдың астында қалып жатыр. Үйдегі лифтіні, ауладағы ойын алаңын, көшедегі аялдаманы қиратудың қандай қисыны бар?! Мұның бәрі – барып тұрған тәртіпсіздік, мәдениетсіздік. Өркениетті елдің әрбір азаматы қоғам мүлкін өз мүлкіндей қорғауы керек. Дүние жүзінде, нақты айтқанда, Жапонияда, Оңтүстік Кореяда, Қытайда, Сингапурда жағымды мысалдар көп, осы елдер көпке үлгі болып отыр. Ал біз неге олардан кем болуымыз керек?

Келесі түйткіл – ысырапшылдық. Шын мәнінде, ырыстың бастауы – үнемшілдік. Дамыған елдерде жарық пен суға дейін үнемдеп пайдалану жоғары деңгейдегі қоғамдық мәдениетке айналған. Ал бізде бұған мүлде кереғар жағдай қалыптасқан. Миллиондаған адамның ысырапшылдығы бүкіл елдің байлығын желге ұшырады. Мысалы, су мәселесі. Бізде суды үнемдеуге байланысты қалыптасқан дәстүр жоқ.

Оны ашық мойындауымыз керек. Ал су болашақтың байлығы екенін бүкіл әлем мойындайды. Бұл – Қазақстан үшін аса маңызды мәселе. Себебі елімізде су тапшылығы пайда болды. Бізде материалдық қана емес, рухани ысырапшылдық та бар. Өзіңді, еліңді дамытуға қажетті қаншама алтын уақыт өнбейтін дау-дамайға, еш пайдасы жоқ іске жұмсалып жатыр. Әрқайсымыз үнемшіл әрі ұқыпты болсақ, еліміздің берекесі арта түсер еді. Ұрпақтың санасына осыны сіңіре беруіміз қажет. Осы дерттің бәрін түбегейлі арылсақ, ұлттымыздың сапасын жақсартамыз, оны мүлде жаңа деңгейге көтереміз.

Қоғамға қауіпті кеселдермен күресуге зиялы қауым, ақпарат құралдары, үкіметтік емес ұйымдар, барлығы бір кісідей жұмылуы керек. Мұны әрбір азаматтың және бүкіл қоғамның міндеті деп түсіну қажет. Себебі бұл – ұлттың болашағына тікелей қатысы бар мәселе. Келесі мәселе. Ұлттық құрылтайда біз мәдени-гуманитарлық саланың және идеологияның жаңа бағдарын айқындаймыз. Осының бәрі ұлттық бірегейлігімізді нығайту және елімізді қарқынды дамыту үшін өте маңызды. Дегенмен өзгерістердің басты мақсаты – халықтың тұрмыс сапасын жақсарту. Сондай-ақ әр азаматтың жан-жақты дамуына жағдай жасау.

Осыған орай экономиканы дамытатын жаңа мүмкіндіктерді үнемі іздеп отыру керек. Бізге әжептәуір мультипликативтік нәтиже беретін жобалар қажет. Сол үшін Үкіметке биыл ауқымды төрт инфрақұрылымдық бастаманы жүзеге асыруды тапсырамын. Ең алдымен, қазір жұмыс істеп тұрған 55 жұлу орталығын толығымен жөндеу қажет. Ұзындығы кемінде 6,5 мың шақырым болатын инженерлік жүйені жаңғырту керек. Бұл қадам азаматтар мен кәсіпкерлерге көрсетілетін коммуналдық қызметтің сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Баспана – жұрттың тұрмыс сапасын танытатын тағы бір маңызды көрсеткіш. Биыл 1 наурыздан бастап іске қосылған «Отау» ипотекалық бағдарламасы ел ішінде үлкен суранысқа ие болып отыр. Бұған қоса ауыл және аудан орталығының тұрғындарына арналған жаңа тұрғын үй бағдарламасын қолға алу керек. Бұл ретте әлеуметтік тұрғыда осал топтағы жандар үшін несие өсімі 7 пайыздан аспауы қажет. Сонымен қатар сатып алу құқығымен жалға берілетін баспана санын бірнеше есе көбейтуді Үкіметке тапсырамын. Жеңілдетілген жаңа ипотеканың енгізілуі және жалға берілетін тұрғын үйдің көптеп салынуы құрылыс қарқынын арттырады. Құрылыс саласында жүз мыңдаған отандасымыз адал еңбек етіп жүр. Ең бастысы, бұл бағдарлама баспанаға мұқтаж көптеген адамның үй алуына жол ашады.

Жол салу және оны жөндеу жұмыстары да экономиканың дамуына тың серпін береді. Мұндай шаралар кемінде 12 мың шақырым автокөлік

# ЕҢБЕК – АДАЛ ТАБЫС

жолын қамтиды. Соның нәтижесінде елді мекендерге көлікпен қатынау едәуір жеңілдейді. Азаматтардың барыс-келісі жанданып, бизнестің белсенділігі артады.

Бұдан бөлек, Үкімет газ тартылған елді мекендердің санын барынша арттыруға және 1700 шақырым газ желісін жаңғыртуға тиіс. Бұл 300 мыңнан астам адамды көгілдір отынмен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Осы инфрақұрылымдық бастамаларды жүзеге асыру барысында жергілікті бизнес пен отандық кәсіпорындардың мүмкіндігін толық іске жарату қажет.

Экономиканы дәйекті дамыту үшін еліміздің бәсекедегі артықшылықтарын түгел пайдалану керек. Қазақстанды Еуразия құрлығындағы негізгі транзиттік хабын біріне айналдыру үшін батыл қадамдар жасауға тиіспіз. Тауда біз Сиань қаласында көлік-логистика орталығын іске қостық. Қазақстан мен Қытай болашағы зор бұл жобаны «Бір белдеу, бір жол» атты жаһандық бастама аясында бірлесіп жүзеге асырды. Дәл осы аптада Әзербайжанға Сиань қаласынан алғашқы контейнер пойызы келіп жетті. Жаңа логистика орталығы Транскаспий халықаралық көлік бағдары арқылы тасымалданатын жүк көлемін едәуір арттыруға ықпал етеді. Біз еліміздің аумағы арқылы өтетін көлік дәліздерін біртіндеп дамытып, сыртқы сауда айналымының ұлғаюына барынша жағдай жасауымыз керек. Сол үшін логистика орталықтары мен қоймалар салып, темір жол құрылысының қарқынын арттырамыз. Сондай-ақ теңіз тасымалының инфрақұрылымын жақсартып, өзгертуге ыңғайлы тариф саясатын жүргіземіз. Мұның бәрі еліміздің тұрған жерін барынша тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Экономиканың көптеген саласын дамытуға септігін тигізеді.

Болашағы зор тағы бір бағыт – IT-технологиялар. Қазақстанда осы жылдың соңына дейін суперкомпьютер жасап, жаңа дата-орталықты іске қосу жоспарланған. Біз Каспий теңізінің табаны арқылы талшықты-оптикалық байланыс желісін салуды көздеп отырмыз. Бұл жоба Еуропа мен Азия арасында тағы бір цифрлы дәліз орнатуға жол ашады. Мен жақында «Қазақстан темір жолы» компаниясының Инновация орталығында болдым. Орталық қызметінің арқасында еңбек өнімділігін арттыруға, шығындарды азайтуға мүмкіндік беретін озық технология осы салаға енгізіліп жатыр. Бұл жұмысқа еліміздің және шетелдің білікті IT-мамандары жұмылдырылды.

Теміржолдың өткізу мүмкіндігінің артуы, жанар-жағар майдың үнемделуі және компания табысының көбеюі – цифрландыру ісінің нақты әрі көзге көрінетін нәтижесі. Цифрлы экосистеманы осылай қалыптастыру керек. Үкімет осы жұмыстың ауқымын кеңейтіп, оны экономиканың барлық саласына енгізуге тиіс.

Тағы бір мәселе – бюджет қаржысын үнемдеу. Үкімет бұл мәселені әрдайым басты назарда ұстауға тиіс. Қазір бюджеттің кірісі мен шығысы қайта қаралып жатыр. Қаржыны онды-солды жұмсауға болмайды, бұл – ақиқат. Мемлекеттік мекемелердің бюджетін тексеріп отырмаса, шығыстары ұлғая береді. Мұны қатаң бақылауға ұстау керек. Тағы да қайталап айтамын. Қаражат ең қажет жерлерге, ең маңызды мәселелерді шешуге жұмсалуды қажет.

Мен бүгін тағы бір өзекті мәселеге қатысты ойымды ортаға салғым келеді. Біз соңғы жылдары кәсіпкерлікті дамытуға айрықша мән беріп отырмыз. Басты мақсат – елімізді аймақтағы ашық нарықтық экономикасы бар маңызды орталыққа айналдыру. Осы орайда, ұлттық буржуазияға зор міндет жүктеледі. Мен ұлттық буржуазия туралы ой-тұжырымды осыдан 24 жыл бұрын Давос экономикалық форумында атап өттім. Бұл жерде ұлттық деген сөз кәсіпкердің ұлтына емес, оның азаматтық сана-сезіміне қатысты айтылып отыр. Яғни, елімізге қоғам алдындағы жоғары жауапкершілігін сезінетін және Қазақстанды дамытуға елеулі үлес қосатын ұлттық буржуазия керек.

Мен Мемлекет басшысы ретінде әрбір мәселені ашық талқылауға дайынмын. Өздеріңізге мәлім, кәсіпкерлерімізбен үнемі кездесіп жүремін. Бизнес өкілдері белгілі бір саладағы саясатты жетілдіруге қатысты стратегиялық бастама көтереді деп сенемін. Олар экономиканың түрлі саласын дамыту туралы нақты ұсыныс айтады деп үміттенемін. Алайда кейбір кәсіпкерлер алдымен елдің емес, өзінің мәселесін айтып қалуға тырысады. Тіпті, бизнес-жобасына қолдау көрсетуді, өзіне жеңілдік беруді сұрайды. Сол үшін мемлекеттік органдарға тапсырма беруімді өтінеді. Бір сөзбен айтсақ, баяғы, үйреншікті жолымен жүргісі келеді. Өз мүддесін бөрінен жоғары қойып, жеке мәселесін мемлекет есебінен шешуге ұмтылады.

Басқа жұртқа қараңыздар. Көптеген елдің, тіпті, көрші елдердің өзінде ірі кәсіпкерлер мемлекетке алақан жаймайды. Керісінше, туған елін дамытуға өз еркімен құрыар қаржы жұмсайды. Осы елде кәсіпін жасап, байыған адамдар қара басының ғана емес, елдің де қамын ойлауға тиіс деп санаймын. Олар жеке мүддесін қоғам мүддесімен үйлестіре білуі қажет.

Елге жанашыр іскер азаматтар бізде де аз емес. Мұндай азаматтар қоғамға қажетті көптеген жобаға қаржы салып, игі істердің басы-қасында жүр. Қайырымдылық және волонтерлік бастамаларға демеушілік жасап келеді. Мемлекет те отаншыл азаматтарды өзгелерге үлгі етіп, оларға қолдау көрсетеді. Әрине, аймақтарда өз қаржысына мешіт салған кәсіпкерлердің ниеті түзу, оны түсінуге болады. Алайда жаңа мектеп, жатақхана, аурухана, кітапхана, мұражай немесе

да бір құндылықты күшпен таңу қиын, тіпті, мүмкін емес деуге болады.

Саяси реформалар заңдарға түзету енгізу, институционалдық өзгеріс жасау арқылы жүзеге асырылады. Бірақ қоғамдық этикаға келгенде, заңдарды өзгерту жеткіліксіз. Барынша мұқият болуды талап ететін бұл шаруаға Ұлттық құрылтай мүшелері де белсене атсалыса алар еді. Жасампаздық рухының қоғамда терең орнығуы, ескірген қасаң қағидалар мен ел ішіне ірікті салатын жағымсыз әрекеттердің келмесе кетуі өте маңызды.

Зиялы қауымның кейбір өкілдері, тіпті мемлекеттік қызметшілер де орынсыз байбалам салып, айналасын сынап-мінеуді әдетке айналдырды. Мұны доғару керек. Қоғамдағы өзекті мәселелерді талқылағанда байыпты болған жөн. Үнемі артқа қарайлап, өткен күнге өкпе арта беруге болмайды. Әлем қауымдастығында лайықты орнын иеленуді қалайтын ұлт өзін өзгелерден кем сезінуден және әлеуетін әлсірететін жалған түсініктерден арылып, болашаққа нық сеніммен қарауы керек.

Мен барлық пікірді қорыта келе, ұлттың жаңа келбетін айқындайтын негізгі құндылықтарға тоқталғым келеді.

Бұл, ең алдымен, тәуелсіздік және отаншылдық. Әр азамат Отанға деген сүйіспеншілігін сөзбен ғана емес, нақты іспен көрсетуі қажет. Тәуелсіздіктің қадір-қасиетін терең сезініп, оны бағалай білуі керек. Біз әділетті мемлекет пен отаншыл, адал азаматтардың күш-жігерін үйлестіріп жұмылдыру және халқымыздың мәдени кодын үнемі заман талабына сай бейімдеп отыру арқылы ғана ең маңызды міндетімізді

дипломатиялық және сыртқы экономикалық қызмет арқылы екіжақты және көпжақты ынтымақтастықты дамыта береді.

Еуразия кеңістігіндегі және Орталық Азия аймағындағы ықпалдастық үдерістер әрдайым біздің басты назарымызда болады. Қазақстан түркі елдерінің ынтымақтастығын дамытуға өз үлесін қосады.

Еліміздегі мемлекеттік аппараттың сыртқы және ішкі саясатқа қатысты шешімдерінің бәрі популизмді және құбылмалы ахуалдарды емес, іргелі жалпыұлттық мүдделерді негізге алуы керек. Мемлекеттік деңгейдегі әрбір шешімді қабылдау алдында оның мәні және салдары туралы жан-жақты талдау жасалуға тиіс. Халықаралық саммиттердің құжаттар арқылы талапқа сай бекітіліп, нақты міндет-темелер жүктейтін шешімдері қайта қаралмайтындықтан, әсіресе, сыртқы саясат саласына мұқият болған жөн.

Тағы бір іргелі құндылық – бірлік және ынтымақ. Біздің күшіміз – бірлікте. Жұрттымыз басына түскен тауқыметтің бәрін мызғымас бірліктің арқасында жеңіп келеді. Орасан зор сын-қатерлер пайда болған қазіргі заманда ынтымақ-бірліктің маңызы арта түсті. Қазақстан – бәріміздің қасиетті қара шаңырағымыз. Сондықтан әрбір азамат ел тағдырына өз тағдырындай қарауға тиіс. Біздің күшіміз – ынтымақта. Еліміздің әлеуметтік саясаты осы құндылыққа негізделген. Мемлекет те, қоғам да көмекке шын мұқтаж адамдарды қолдауға қашанда дайын. Біздің еріктілеріміздің ерен еңбегі – жанашыр болудың шынайы үлгісі. Олар кез келген сәтте өзгелерге риясыз

бөлу деп қана қабылдайды. Шын мәнінде, әділдік – ең алдымен, жұрттың бәріне бірдей құқық беру және жауапкершілікті баршаға тең жүктеу деген сөз. Әділдік пен жауапкершілік – тығыз байланысты ұғымдар. Басқаша айтсақ, жауапкершілік болмаса, әділдік те болмайды. Әркім өз ісіне, міндетіне жауапкершілікпен қараса, жеке азамат та, бүкіл ел де табысқа жетеді. Әділдіктің қуаты – осында.

Тағы бір маңызды құндылық бұл – Заң және Тәртіп. Заң алдында бәрі бірдей. Бұл – баршаға ортақ мызғымас қағида. Мемлекет жүгенсіздікке, тәртіпсіздікке және бейберекеттікке ешқашан жол бермейді. Мұны әрбір азамат жете түсінуге тиіс. Барша азамат, барлық жерде, соның ішінде әлеуметтік желіде де заңды мүлтіксіз сақтауы керек. Заңға қайшы келетін, қоғамға ірікті салатын және арандатушылық пиғылдағы кез келген әрекетке қатаң тыйым салынады. Біз «жасампаз плюрализмді толық қолдаймыз, елге ірікті салатын радикализмге түбегейлі қарсымыз» деген қағидамыз берік ұстанамыз. Ел ішіндегі тәртіпке әрқайсымыз жауаптымыз.

Әлемді шынымен өзгерткің келсе, өзгерісті қарапайым нәрседен баста деп бекер айтылмаған. Яғни, отбасында береке болуын ойла, жұмыс орнында, ұй-жайыңды, аулаңды ретке келтір, қоғамдық орында әдеп сақта.

Құқықтық мәдениеттің деңгейін аңғартатын айқын көрсеткіштің бірі – азаматтарымыздың көлік жүргізу мәнері. Жол жүру ережесін жаппай бұзудың және жол үстіндегі дөрекіліктің зардаптары аса ауыр болып тұр. Жыл сайын мыңдаған адам көлік апатынан қаза табады. Бұл – солардың жақын-жуықтары үшін ғана емес, тұтас еліміз үшін қайғылы жағдай.

Заң бар жерде, тәртіп бар. Көбінесе қиын сәттерде азаматтардың тәртіпке бағынуы олардың қауіпсіздігіне кепіл болады. Жақында Алматы қаласында жер сілкінгенде кейбір балабақшалар мен мектептердегі балалар ұйымшылдықтың озық үлгісін көрсетті. Осыдан-ақ баланы балабақшадан және бастауыш сыныптан бастап тәртіпке баулудың қаншалықты маңызды екенін айқын көруге болады.

Келесі маңызды құндылық – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік. Өз кәсібін өте жақсы білетін, оған әбден берілген, еңбекқор адам ғана табысқа жете алады. Мен Мемлекет басшысы ретінде азаматтардың, әсіресе, жастардың көзі ашық, дүниетанымы кең болғанын қалаймын. «Туған жерге туын тік» дейді халқымыз. Өте мағыналы өсиет. Жас ұрпақ бұл сөздің мән-мағынасына терең бойлауы қажет. Қазақстан – барша азаматымыздың ортақ Отаны, қастерлі мекені. Оның қай түкпірі де – біздің туған жеріміз. Жастар еліміздің барлық аймағын бірдей жақсы көріп, тұтас еліміздің дамуына үлес қосқаны абзал.

Мен облыстарға сапар кезінде жастардың көбі туған ауылынан сыртқа шығуға құлықсыз екенін байқаймын. Менің тапсырмаммен алдыңғы жылы батыс аймақтың жастары үшін 10 мың білім гранты бөлінді. Өкінішке қарай, сол гранттың көбі игерілмей қалды. Сондықтан грант санын еселеп қысқартуға тура келді. Яғни, жастарымыз қолда бар мүмкіндікті пайдаланбай отыр.

Өмір бойы бір жерде, бір ауылда отырған жастардың келешегі және көзқарасы қандай болады? Бұл сұрақтың жауабы анық. Айтпаса да түсінікті. Шын мәнінде, бұған үлкендер де кінәлі. Көбінесе ата-аналар баласын алысқа жібергісі келмейді. Соның кесірінен көптеген жастар еңбек нарығында бәсекеге қабілетсіз болып, әлеуметтік жәрдемақыға қол жайып отыр. Бұл – масылдық деген сөз.

Бала есейген соң қанаттанып, ұядан ұшуға тиіс. Басқа аймақтарда, тіпті, шетелде білім алуы қажет. Өзге жұрттың қалай өмір сүріп жатқанын көргені абзал. Сондай-ақ қай жерде өзіне және еліне пайдасы тисе, сол жерге барып еңбек етуі керек.

(Жалғасы 6-бетте)



спорт сарайын тұрғызу әлдеқайда маңыздырақ. Мұның сауабы мол. Кейінгі ұрпақ та осындай игі істерге алғыс айтары анық.

Бизнес өкілдері барлық салада белсенді болуы қажет. Мұқтаж жандарға қолынан келгенше көмек көрсетіп, әрдайым әлеуметтік жауапкершілік танытуы керек. Сонда ғана, шын мәнінде, жаңа ұлттық буржуазия қалыптасады деп айта аламыз. Дәл осындай ұлттық буржуазия өкілдері бәсекеге қабілетті экономика құруға және халқына қалтқысыз қызмет етуге қашанда дайын болады.

## ҚҰРМЕТТІ ДОСТАР!

Біздің нақты құндылықтарымыз болмаса, даму жолында тың серпіліс жасауымыз және көшбасшы елдер қатарына қосылуымыз неғайбыл. Жаңа ғана Бала Құқықтары жөніндегі уәкіл Динара Экиева халықаралық тәжірибеден мысал келтіре отырып, жалпыұлттық құндылықтар жүйесін бекітуді ұсынды. Талқылау барысында Дихан Қамзабекұлы, Мұрат Әбенов, Шаймардан Нұрымов және басқа да құрылтай мүшелері осы идеяны айта-нын білемін. Мен қоғамда жаңа этика қалыптастыру қажеттігін үнемі айтып жүрмін. Алайда азаматтарға қандай

орындай аламыз, яғни қастерлі тәуелсіздігімізді сақтап, нығайта түсеміз.

Біз біртұтас ұлт және халықаралық қауымдастықтың жауапты мүшесі ретінде ұлттық мүддемізді, егемендігіміз бен тәуелсіздігімізді қорғауға әрдайым дайын болуымыз қажет. Бұл, әсіресе, әлемде «заңның күші емес, күштің заңы» деген қағида үстемдікке ие болып, егемендігі осал мемлекеттердің маңдайына өзгеге кіріптар болу жазылған-мыс деген пайымға жол беріле бастаған бүгінгі заманда өте өзекті.

Қазір ресурстарға, инвестицияға, көлік логистикасы мен коммуникацияға қызу талас жүріп, жаһандық бәсеке күшейе түскенін баршаңыз көріп отырсыздар. Халықаралық мәселелер мен оларды реттеу жолдары туралы, соның ішінде аймақтық құрылымдардың экономикалық және саяси түйтіктерді шешетін құдіреті жайлы бұрынғы пайым-түсініктер қазіргі аса күрделі әрі қарама-қайшылыққа толы заманда тым әсіреленген, тіпті, аңғал көзқарас сияқты көрінеді.

Бізге әлемдегі оқиғалар және олардың ұлттық мүддемізге тигізетін әсері туралы кешенді талдау қажет. Бұл – құзырлы мекемелердің, ғалымдар мен саясаттанушылардың міндеті. Еліміз сындарлы диалог, белсенді

# АДАЛ АДАМ – АДАЛ ЕҢБЕК – АДАЛ ТАБЫС

(Жалғасы. Басы 2-5-беттерде)

Бүгінде солтүстік аймақтарда жұмыс күші жетіспейді. Ол жақта тегін білім алуға, жақсы жұмыс істеуге барлық мүмкіндік бар. Мемлекет беріп отырған осы мүмкіндікті дұрыс пайдалану қажет. Біз мындаған шақырым жерде көшіп-қонып жүрген көшпенділердің ұрпағы екенімізді ұмытпайық. Қазіргі жастар заманауи көшпенділікті жақсы жақтарын игере білуі керек. Көші-қон – дүние жүзіне ортақ қалыпты құбылыс.

Біз шетелге барып, қара жұмыс істеп жүр деп, көрші елдің азаматтарын менсінбей қараған адамдарды да көрдік. Шын мәніне келгенде, сол шетелде жүрген адамдар жаңа дағдыларды игереді, жаңа кәсіптерді меңгереді. Олар өз елінің экономикасын дамытуға едәуір үлес қосып жүр. Американың өзінде Орталық Азиядағы көршілес елдердің мындаған азаматтары тұрып жатыр. Көбі бизнесін жүргізіп, саудамен айналысады, арасында қалталы адамдар пайда болуда. Бірақ олар өзінің ұлттық ерекшелігін жоғалтқан жоқ.

Ең дамыған елдердің азаматтары да шетел асып, табыс табуға намыстанбайды. Заманауи көшпенділер, Modern Nomads дегеніміз – осы. Бұл – бүкіл әлемде болып жатқан үрдіс.

Соңғы жылдары біздің де жастарымыз шетелге жиі шыға бастады. Қазір Қазақстанның 200 мыңға жуық азаматы заңды түрде сыртта жұмыс істеп жүр. Табыс табу үшін шетелде бейресми еңбек етіп жүргендер де бар. Қай жерде болсын, еңбектің, кәсіптің жаманы болмайды. Тек бәрі заңды болуы керек. Сонда мемлекет олардың құқығын қорғап, қандай бір жағдай болса, көмектесе алады. Ел ішінде немесе шетелде заңды түрде жұмыс істеп, табыс табуға мүмкіндік туса, одан бас тартпаған жөн. Ең бастысы – адал еңбек ету, адал жолмен табыс табу, адал азамат болу.

Келесі құндылық – жасампаздық және жаңашылдық. Бұл – өте жылдам өзгеріп жатқан қазіргі әлемде ұлттың бәсекеге қабілетті болуының басты шарты.

Озық дамыған мемлекет құру үшін біздің азаматтарымыз жаңаша ойлай білуге және жасампаздыққа ұмтылуы керек. Сол себепті біз қоғамда білімпаздықты дәрiптeуге, бiлiм және ғылым саласын дамытуға баса мән берiп келемiз.

Біз адам капиталына арқа сүйесек, өзiмiз белгiлеген ауқымды өзгерiстердiң бәрiн жүзеге асыра аламыз. Елiмiзде талантты азаматтар аз емес. Олар тың амал-тәсiлдер қолданып, батыл шешiмдер қабылдағанының арқасында түрлi салада зор табысқа жетiп жүр.

Соңғы жылдары креативтi индустрия қарқынды дамып келедi. Қазақстанның мәдени толқыны кең қанат жайып, өрендерiмiз аймақтық және жаһандық деңгейде таныла бастағаны кездейсоқтық емес. Ұлттымыздың орасан зор жасампаздық әлеуетi кино, музыка, әдебиет және өнердiң басқа да жаңа салаларында айқын көрiнiс тапқан. Креативтi индустрия экономикамызды өркендетуге тың серпiн беретiнiне сенемiн.

Елiмiз бiртiндеп постиндустриалды қоғам үлгiсiне көшiп келедi, идея мен инновация оның басты қозғаушы күшi саналады. Бiз озық технологияларға негiзделген бiлiм экономикасын құрумыз қажет. Қазақстан жаппай цифрланған және жасанды интеллект жүйесi қарқынды дамыған елге айналуға тиiс. Бұл – бiздiң стратегиялық мiндетiмiз. Осы технология таяу болашақта әлемдi түбегейлi өзгертедi.

Бiз барлық салада цифрлы номадтар өркениетiнiң озық стандарттарына сай болуымыз керек. Жастарымыздың әлеуетi мен қарым-қабiлетiне қарасақ, «Қазақстанның қарышты қадамын» жасауға бiздiң толық мүмкiндiгiмiз бар екенi байқалады. Басқа-басқа, бiрақ дәл осы жерде батыл қимылдап, құлашымызды кең сермеуден қорықпау керек. Әрине, мұның бәрi



қатып қалған қағида емес. Алайда ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру жолындағы негiзгi бағыт-бағдар бола алады. Елiмiздегi әрбiр азамат осы басты құндылықтарды берiк ұстануы керек. Мен ұсынған «Адал азамат» ұғымы мұның бәрiн түгел қамтиды. Сонымен бiрге бұл Әдiлеттi Қазақстан идеясымен үндесiп жатты. Бiз осы iргелi құндылықты ұрпақ санасына сiңiре беруiмiз керек.

Адал азамат дегенiмiз – жақсы қасиеттерге ие болып, адал еңбек ететiн және табысқа адал жолмен жететiн адам. Яғни, адалдық пен әдiлдiктi бәрiнен бiiк қояды. Озық ойлы ұлт болу үшін бүкiл қоғам сана-сезiмiн өзгертiп, жаңа құндылықтарды орнықтыруы керек. Әрбiр адам «Адал азамат» деген атқа лайық болса, елiмiзде әдiл қоғам орнайды.

«Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» – бiр-бiрiнен ажырамайтын ұғымдар. Осы үш тағанды озық әрi табысты елге айналудың басты кiлтi деуге болады. Балалар мен жастарды тәрбиелеп, олардың бойына осы озық құндылықтарды сiңiруге айрықша көңiл бөлiнуi керек.

Өздерiңiзге мәлiм, соңғы бес жылда бiз әртүрлi құндылықтар жайлы жиi лiкiр алмасып, ой елегiнен өткiздiк. Оның бәрi уақытша ғана мәнi бар жалаң тақырыптарды талқылау емес, идеология саласында жүргiзiлетiн кешендi жұмыстың нақты бағдарын айқындау үшін жасалды.

Мен бүгiн маңызды идеологиялық тұжырымдарымыз бен негiзгi бағыттарымыз туралы тарқатып айтып бердiм. Тағы да бiр қайталап өтейiн: бұл – Тәуелсiздiк және Отаншылдық, Бiрлiк және Ынтымақ, Әдiлдiк және Жауапкершiлiк, Заң және Тәртiп, Еңбекқорлық және Кәсiби бiлiктiлiк, Жасампаздық және Жаңашылдық. Ұлттымыз осы идеялық негiздердi басшылыққа алса, болжаусыз және қарқынды дамып келе жатқан XXI ғасырда лайықты орнын табады. Құзырлы мемлекеттiк органдардың бәрi өз жұмысын қайта қарап, осы тұғырнамаға үйлестiруi қажет. Атап айтқанда, Оқу-ағарту министрiлiгi мектептегi тәрбие жұмысын ұйымдастыру тәсiлдерiн жаңартуға тиiс. Сонымен қатар жоғары оқу орындары мен колледждер студенттермен жүргiзiлетiн жұмысқа осы құндылықтарды үйлестiре кiрiктiруi керек. Аталған идеалдар Қарулы күштерiмiздiң әскери-патриоттық iс-шараларына да арқау болуы қажет.

Негiзгi құндылықтарымызды бұқаралық ақпарат құралдары мен креативтi индустрия, әсiресе, кино, музыка және әдебиет арқылы дәрiптeу аса маңызды. Салалық ведомство көпшiлiктiң қызығушылығын туғызатын тың жобалар

ұсынуға тиiс. Жаңа қоғамдық этиканы орнықтыру iсiнде орталық органдар ғана емес, өңiрлiк билiк те маңызды рөл атқарады. Орталық пен аймақтар тығыз байланыста жұмыс iстеуi керек. Мысалы, ел iшiндегi еңбек көшi-қонын жандандыру мәселесi бойынша Еңбек және халықты әлеуметтiк қорғау министрiлiгi мен облыс әкiмдiктерi өзара үйлесiмдi әрекет етiп, жұмыла жұмыс iстеуi қажет. Ұсынылып отырған құндылықтар жүйесi ағартушылар мен қоғам белсендiлерiне бағыт-бағдар бола алады.

Озық құндылықтар бiздiң болмысымыздың ажырамас бөлiгiне айналу үшін оны қоғамда жан-жақты дәрiптeудiң тиiмдi тәсiлдерiн iздеу, ұсыну және тарату қажет. Сiздер, Ұлттық құрылтайдың мүшелерi, осы күрделi әрi маңызды жұмыстың алғы шебiнде болуға тиiссiздер.

Сырттан келмеген, өмiрден iргесiн ажыратпаған бұл құндылықтар төл тарихымызға, мәдениетiмiзге, болашаққа ұмтылысымызға негiзделген. Сондай-ақ барша азаматтарымыздың мүддесiне сай келедi. Оны кеңiнен дәрiптeп, iлгерiлету үшін мемлекеттiк аппарат пен қоғамдық күштердiң бәрi бiр жағадан бас, бiр жеңнен қол шығарып, жұмыла жұмыс iстеуi қажет. Президент Әкiмшiлiгiне бұл жұмысты бақылауға алуды және идеология саласындағы мiндеттердi орындау үшін кешендi жоспар жасауды тапсырамын.

## ҚҰРМЕТТІ ДОСТАР!

Елiмiздi жан-жақты жаңғырту үшін кең ауқымды жұмыс жасалып жатыр. Бүгiнгi айтылған бастамалар – соның бiр бөлiгi ғана. Көптеген әлеуметтiк-экономикалық мәселелер әлi де бар. Оның бәрi халықтың күнделiктi тұрмыс-тiршiлiгiне тiкелей әсер етедi. Бiз оны бiртiндеп шешiп жатырмыз. Бiрақ барлығын бiр күнде реттеу мүмкiн емес. Сондықтан оған уақыт, түсiнiстiк және сабыр қажет.

Дүние жүзiнде қалыптасып отырған аса күрделi ахуал жағдайды ушықтырып тұр. Кейбiр саясаткерлердiң жауапсыз мәлiмдемесiн өздерiңiз оқып жатырсыздар, олар түрлi арандатушыларға дем беруде.

Бiздiң алдымызда үш айрық жол тұр: құлдырау, тоқырау немесе өрлеу. Бiз әрдайым өрлеудi таңдаймыз. Әрине, өрге шығу оңай емес. Талай қиындық туындауы мүмкiн. Соған қарамастан, тек алға ұмтылуымыз керек.

Соңғы бес жылда көптеген маңызды бастаманы жүзеге асырдық. Нәтижесiнде Қазақстан саяси тұрғыдан түбегейлi өзгердi. Халықтың әл-ауқатын арттыру үшін нақты шаралар қолға алынды. Бұл

жұмыс тоқтамайды, жалғаса бередi.

Үкiметке экономиканы түбегейлi реформалау үшін барлық құзырет берiлдi. Халқымыз оның нәтижесiн көп ұзамай көредi деп сенемiн. Бiрақ ең бастысы – нақты мақсат қойып, соған ұмтылу. Осыны жете түсiнген жөн. Әр азамат елiмiздiң қайда бет алғанын, ертеңiмiз қандай болатынын бiлуi керек. Бұл – өте маңызды.

Әрине, елiмiздiң болашақтағы бейнесi сан қырлы, оны әркiм әрқалы түсiнуi мүмкiн. Алайда оның негiзгi сұлбасын «Әдiлеттi Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген ұштаған ұғым арқылы сипаттауға болады. Бұл үшеуi бiр-бiрiмен бастау алады және өзара тығыз байланысты.

Елiмiз стратегиялық бағдарынан ешқашан ауытқымайды. Бiз мықты демократиялық институттары және дамыған құқықтық жүйесi бар әдiлеттi мемлекет құрамыз. Ел iшiнде заң мен тәртiп қатаң сақталады. Бұл – саясатымыздың тұғырлы қағидаты. Бiз баршаға және әрбiр адамға бiрдей мүмкiндiк беретiн қоғам қалыптастырамыз. Адал азаматтар табанды еңбегiмен елiмiздiң дамуына өз үлесiн қосады.

Бiз «бiрлiгiмiз – әралуандық» деген қағиданы берiк ұстанып, елiмiздегi бейбiтшiлiк пен келiсiмдi сақтайтын боламыз. Түрлi дiндер мен конфессияларды жақындастыруды және қазiргi заманғы өзектi мәселелерге қатысты диалог орнатуды көздейтiн мәртебелi миссиямызды атқара беремiз. Бiз азаматтарымыздың әл-ауқатын арттыратын, барша әлемнiң кәсiпкерлерi, инвесторлары мен талантты адамдары қызығатын ашық әрi дамыған экономика құрамыз. Бүкiл қоғам болып жемқорлыққа қарсы күрестi жалғастырамыз. Бiзге және ұрпағымызға ешкiм сырттан келiп жарқын болашақты жасап бермейдi.

Қағидамыз – әдiлдiк, тiрегiмiз – жауапкершiлiк, мақсатымыз – өрлеу. Елiмiз осы құндылықтарды берiк ұстана отырып, даму көкiегiн сөзсiз кеңейте түспек. Ал әрбiр адал адам адал еңбегiмен адал табысқа жетедi.

Мен жуырда Президенттiк жастар кадр резервiнi мүшелерiмен арнайы кездестiм. Сонда айтқан ойымды елiмiздiң барша жастарына тағы да қайталағым келедi. Қазақстанның болашағы – сiздердiң қолдарыңызда. Көп ұзамай мемлекеттi басқару iсi, яғни ел тiзгiнi бүгiнгi жастардың қолына өтедi. Сiздер осы жауапкершiлiктi қазiрден бастап сезiнулерiңiз қажет. Өздерiңiзге жүктелетiн тарихи миссияны орындауға қашанда дайын болуларыңыз керек.

Бiз жасампаз халық болуымыз қажет. Оған әлеуетiмiз толық жетедi.

Сан ғасырлық тарихында қазақ мемлекеттiгiнiң құрылымы талай рет өзгердi. Бiрақ елдiгiмiздiң тұғыры қашанда берiк, ұлттымыздың рухы әрдайым асқақ. Бiз озық ойлы ұлт ретiнде тек қана алға ұмтылуымыз керек. Өнiмдi еңбек етiп, сапалы бiлiм алып, ортақ мақсатқа жұмыла бiлiуiмiз қажет. Сонда болашағы жарқын, қуатты мемлекеттi бiрге құрамыз.

## ҚҰРМЕТТІ ЖИЫҢҒА ҚАТЫСУШЫЛАР!

Ұлттық құрылтай жұмысы жүйелi, маңызды қоғамдық институт ретiнде қалыптасты. Құрылтай мүшелерi нағыз елдiк мәселелердi көтеретiн «бiртұтас командаға» айналуға тиiс. Сiздер жұмыс барысында көптеген ұтымды ұсыныс берiп жүрсiздер. Бiрқатар бастама жүзеге асырылып жатыр. Бүгiн де жаңа идеялар айтылды. Оның бәрi мұқият қаралып, маңызды ұсыныстар бойынша нақты шаралар қолға алынады. Құрылтай барынша тиiмдi әрi оңтайлы қызмет етiп жатыр деп санаймын. Алдағы уақытта да белсендi жұмысты жалғастыра берген жөн.

Өздерiңiз бiлесiздер, мен осы басқосуға аймақ әкiмдерiн шақыру туралы тапсырма бердiм. Бүгiн, мiне, ортамызда атыраулық ағайындар да отыр. Соның iшiнде экология мәселелерiн көтерiп жүрген белсендi азаматтар бар. Жалпы, Атырау жұртшылығы облыстың экологиялық ахуалына алаңдап отырғанын бiлемiн. Қалада көрiз жүесiн, су құбырын салу өте маңызды. Инфрақұрылым әбден ескiрген. Соның кесiрiнен жерасты сулары және Жайық өзенi ластанып жатыр. Облыс орталығында қоқысты сұрыптауға және өңдеуге қатысты түйткiлдер бар. Атырауда қоқыс сұрыптайтын кешен салынған. Әкiмдiк оны жақын арада iске қосуға тиiс. Сондай-ақ қоқыс полигонын дереу ретке келтiруi қажет. Бұл мәселелер мiндеттi түрде өз шешiмiн табуы керек. Қазiр осыған байланысты нақты жұмыс атқарылып жатыр. Үкiметке және облыс әкiмдiгiне бұл маңызды жұмысты аяғына дейiн жеткiзудi тапсырамын. Бұл мәселе менiң бақылауымда болады.

Жалпы, Атырау облысының дамуына ерекше мән беру керек. Сондықтан Үкiмет пен әкiмдiк арнайы жоспар бойынша жұмыс iстейдi. Мен кезiнде осында Онкология орталығын салу туралы тапсырма бердiм. Бiрақ қаржы мәселесi толық шешiлмей, созылып кеттi. Ендi оған жер қойнауын игерумен айналысатын кәсiпорындар қаржы бөлетiн болды. Құрылыс келесi жылы аяқталады.

Сондай-ақ облыс әкiмiнiң айтуынша, Радиология корпусының құрылысын қаржыландыру мәселесi де шешiмiн тапты. Бұл нысан жыл соңына дейiн салынып бiтедi. Осы жобаларға демеушiлiк көрсеткен азаматтарға және компанияларға ризашылығымды бiлдiремiн. Бұдан бөлек, биыл бiрнеше емхана, оңалту орталығы және басқа да әлеуметтiк нысандар пайдалануға берiледi.

## ҚҰРМЕТТІ ҚАУЫМ!

Шын мәнiнде, мұндай алқалы жиындарды аймақтарда өткiзудiң мән-маңызы зор. Сол арқылы облыстардың дамуына тың серпiн беремiз. Осы үрдiс алдағы уақытта да жалғасын табады. Әйгiлi Қасым хан – Сарайшықта, Абылай хан Бурабайда ордасын тiккенi белгiлi. Есiлдiң бойында – Кенесары хан мемлекеттiгiмiздi сақтап қалу үшін талай жорыққа шыққан. Бұл аймақ төл шежiремiзде айрықша орын алады. Сондықтан Ұлттық құрылтайдың төртiншi отырысын келесi жылы Көкшетауда өткiзудi ұсынамын.

Ал бүгiн бүкiл азаматтарға Ораза қабыл болсын дегiм келедi!

Баршаңызға зор денсаулық, бақ-береке тiлеймiн!

Елiмiз аман, жұрттымыз тыныш болсын!

## ЕЛОРДАДАҒЫ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР



Астана әкімдігінде Жеңіс Қасымбектің басшылығымен өңірлік инвестициялық штабтың отырысы өтті. Онда елордада отандық және шетелдік инвестициялық жобалардың қазіргі мәртебесі бойынша мәселелер қаралды.

Видеоконференция форматында өткен талқылауға ірі шетелдік инвесторлар қатысты. Атап айтқанда, олардың ішінде түрік компаниясы Tiyaki, Катар холдингі Power International Holding, араб компаниялары International Community Schools Ltd және Sabis, австриялық Lasselsberger компаниясы, ресейлік Wildberries және Ozon ірі логистикалық компаниялары бар.

Мысалы, денсаулық сақтау саласында «Power International Holding» катарлық инвестициялық холдингі Synosure компаниясымен бірлесіп елордада медициналық хаб салу жобасын іске асыруда. Жоба 2 кезеңде жүзеге асырылады. Біріншісі – 196 млн АҚШ доллары (88 млрд теңге) жеке инвестиция сомасына 50 тесек-орынға арналған медициналық орталық салу. Екінші кезең – шамамен 360

млн АҚШ доллары (160 млрд теңге) инвестиция сомасына медициналық хаб құруды көздейді.

Отырысқа сондай-ақ «Sabis» және «International Community Schools Ltd» халықаралық мектептерінің құрылысы бойынша жобаларды іске асыратын шетелдік инвесторлар қатысты. 2800 оқушы орны мен мектепке дейінгі 530 орынға арналған «Sabis» Араб брендінің халықаралық мектебінің құрылысын осы жылдың сәуір айында бастау жоспарланып отыр.

Сонымен қатар, арабтың International Community Schools Ltd компаниясы 1225 оқушы орны мен 100 мектепке дейінгі орын құра отырып, халықаралық мектеп салуды жоспарлап отыр. Жоба 100-ден астам жұмыс орнын құра отырып, 9 млрд теңге жеке инвестиция сомасына есептелген.

Түркиялық Tiyaki компаниясы қуаттылығы жылына 240 мың тонна бидай өңдеу зауытын салуға шамамен 200 млн АҚШ долларын инвестициялауды жоспарлап отыр.

Штаб отырысына сондай-ақ Wildberries пен Ozon ірі ресейлік логистикалық компаниялары қатысты. Wildberries компаниясы қуаттылығы 150 мың шаршы метр болатын өңірлік логистикалық орталықтың құрылысына шамамен 50 млрд теңге инвестициялайды, ол 6 мың жұмыс орнын ашады.

Елордада 40 млрд теңгеге жуық жеке инвестициямен ірі «Ozon» логистикалық орталығын салу жобасы да жүзеге асырылып жатыр. Бүгінгі таңда 30 мың шаршы метр аумақты құрайтын жобаның бірінші кезеңі пайдалануға берілді. 40 мың шаршы метр екінші кезеңінің құрылысы бойынша жұмыстар жүргізілуде. Жобаны жүзеге асыру 5 мыңнан астам жұмыс орнын құруды көздейді.

Австриялық Lasselsberger компаниясы Индустриалды парк аумағында құрғақ құрылыс қоспаларын шығаратын зауыт салып, 200-ден астам жұмыс орнын құруды жоспарлап отыр. Инвестиция көлемі 25 миллиард теңгеден асады. Жоспарланған өндіріс көлемі жылына 100 мың тонна қоспаны құрайды.

Өңірлік инвестициялық штабтың отырыстары ай сайынғы негізде өткізілетінін атап өткен жөн, онда әрбір іске қосылған жоба мемлекеттік органдар мен қалалық қызметтердің қатысуымен жеке қаралады. Отырыстарды осы форматта өткізу инвесторлардың сұраныстарына уақытылы жауап беруге және жобаларды іске асыруда бюрократиялық кедергілерді алып тастауға мүмкіндік береді.

Қала әкімі Жеңіс Қасымбек су тасқынына дайындық жұмыстары қалай жүргізіліп жатқаны туралы мәлім етті. Оның айтуынша, өткен жылдармен салыстырғанда су тасқыны қаупі бар учаскелердің саны 20-ға дейін азайды. Олар – Алматы ауданындағы 5 учаске, Байқоңырдағы 4 учаске, Нұрадағы 6 учаске, Сарыарқадағы 3 учаске, Есіл ауданындағы 2 учаске.

## ТАСҚЫНҒА ДАЙЫНДЫҚ ҚАЛАЙ?



– Биыл қыста қар ерекше мол жауды. Мәселен, өткен жылдың осы кезеңінде 3 млн 800 мың текше метр қар шығарылса, биылғы қысқы маусымда 6 млн 200 мың текше метрден астам қар шығарылды, яғни екі есе көп. Қазгидромет болжамы бойынша, наурыз бен сәуір айларында да жауын-шашын мол жауады. Жалпы, жыл басынан бері жауын-шашын мөлшері нормадан 2 есе көп болды. Осыған байланысты қалада су тасқынына қарсы іс-шаралар белсенді жүргізіліп жатыр. Қазіргі уақытта шамамен 45 мың қума метрден астам арық-науа желісі, 2 мыңға жуық бақылау және

жаңбыр қабылдайтын құдық тазартылды, 8 мың погондық метрге жуық коллектор жуылды. Сонымен қатар, «Нұра-Есіл» каналы мен «Май-балық» көлі арасында орналасқан каналды қардан тазарту жұмысы, нөсерлі кәріз жүйелеріне заңсыз кірме жолдарды анықтау және т.б. жүргізіліп жатыр, – деп жазды Астана әкімі.

Қазіргі таңда осы жұмыстардың бәрі атқарылып жатыр. Азаматтық қорғау органдары, коммуналдық қызметтер және т.б. тұрақты дайындықта. Әкім елді мекендер мен су тасқыны қаупі бар учаскелерге ерекше көңіл бөлінетінін жеткізді.

## ОЛИМПИАДА ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен IV қысқы жасөспірімдер Олимпиадасында қола медаль жеңіп алған хоккей құрамасын қабылдап, жетістіктерімен құттықтап, қала әкімінің арнайы сыйақысын табыстады.



Кореяның Канвондо қаласында өткен байрақты бәсекеде қазақстандық спортшылар табысты өнер көрсетіп, медаль саны бойынша 78 елдің арасында 20-орынға тұрақтады.

– Қай спорт түрін таңдасаң да, оның тарихына үңіліп, болашаққа бағдар жасау жеңіске қашан да жақындатады. Ел намысын лайықты қорғап, жеңіске жеткен жерлестерімізді құрметтеу – біздің міндетіміз. IV қысқы жасөспірімдер Олимпиадасында жерлестеріміз

үшінші орын үшін болған кездесуде Аустрия құрамасын тізе бүктіріп, қола медальға ие болды. Бұл жеңістеріңіз алдағы олимпиадалардағы жетістіктің бастауы деуге болады, – деді Есет Байкен.

Шайбалы хоккей бойынша қола жүлде олжалаған команда мүшелері мен жаттықтырушысы Рамазан Қайдаровқа алғыс хаттар табыс етілді.

Жасөспірімдер олимпиадасына кёрлинг спорт түрінен сынға түскен елордалық ағайынды апалы-інілі Ме-

рей мен Ибрагим Тастемірлер, шаңғы жарысы бойынша Берік Боранбаев, конькимен жүгіруден Руслан Жанаділов және шайбалы хоккейден жерлестеріміз ел намысын абыроймен қорғады.

Айта кететіні, 15 спорт түрінен өткен байрақты бәсекеде Италия 11 алтын, 3 күміс және 4 қола медальмен командалық есепте көш бастады. Үздік бестікке Германия (9, 5, 6), Корея (7, 6, 4), Франция (7, 5, 6), Қытай (6, 9, 3) енді.

## ТҰТЫНУШЫЛАР ҚҰҚЫҒЫ ҚОРҒАЛДЫ

Елордалық тұтынушыларға 20 миллион теңге қайтарылды. Бұл туралы елордалық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихаты барысында Астана қаласының Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің басшысы Нұрғали Егембердиев мәлімдеді.

– 15 наурыз – тұтынушылардың құқықтарын қорғау күні. Астана қаласының Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті өз құзыреті шегінде реттеу, іске асыру және бақылау функцияларын жүзеге

асыратын Сауда және интеграция министрлігінің аумақтық органы болып табылады. Департамент өз қызметін екі бағыт бойынша жүзеге асырады. Олар ішкі сауданы дамыту, реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру

және тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласында біртұтас, тиімді саясатты қалыптастыру, – деді Нұрғали Егембердиев.

– Жыл басынан бері департамент тұтынушылардың 1 200 өтінішін қарады және жалпы сомасы 20 миллион теңгеге ақшалай қаражатты қайтару бойынша жәрдем көрсетті. Тұтынушының құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайда тұтынушы сатушыға құқықтар мен заңды мүдделердің бұзылуын жою және тұтынушыға тауардың кемшіліктері

салдарынан осы бұзушылықтармен келтірілген залалды ерікті тәртіппен өтеу туралы наразылықпен жүгінуге құқылы. Тұтынушының сатушыға шағымы табысталғаны туралы хабарламасы бар тапсырысты пошта жөнелтімі нысанында не сатушының электрондық поштасына жіберіледі. Сатушы тұтынушының наразылығын қарауға және тұтынушының талаптарымен келіспеген жағдайда, тұтынушының шағымын алған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде жоғарыда баяндалған тәсілдермен дәлелді жазбаша жауап беруге міндеттелген, – деді Нұрғали Егембердиев.

Сатушының күнтізбелік он күн

мерзімде тұтынушының құқықтары мен заңды мүдделерін бұзушылықтарды жою туралы шағымға жазбаша жауап беру жөніндегі міндеттерді орындамауы «Ескерту» түріндегі әкімшілік жауаптылыққа тартылады. Тұтынушының шағымна жазбаша жауап бермеу бөлігінде құқықтары мен заңды мүдделерін бұзғаны үшін 31 кәсіпкерге «Ескерту» түрінде әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Егер де кәсіпкер әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталаса, жеке тұлғаларға – 10, ШҚ субъектілеріне – 20, ОК субъектілеріне – 30, ІК субъектілеріне 50 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

## НАУРЫЗДЫҢ ҚАСИЕТІ – ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ



(Соңы. Басы 1-бетте)

Ауқымды қайырымдылық акция аясында елорда аудандарының әкімдіктері берген тізім бойынша аз қамтылған, атап айтқанда, көпбалалы, ерекше қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар, зейнеткерлер және толық емес

отбасылар сияқты әлеуметтік осал топтар бойынша мың отбасының үйіне азық-түлік себегін қаланың белсенді волонтерлері, яғни «Астана жастары» жастар ресурстық орталығының еріктілері апарып берді.

– Бұл – халқымыздың игі істер дәстүрін насихаттаудың жарқын үлгісі. Мейірім, өзара

көмекті аямау және көршімен тату болу – баршамызды біріктіретін, күш-қуат беретін қасиет. Былтыр Астана қаласы әкімдігі мен Qazaq oil арасында мұқтаж жандарға бірлесе көмек көрсету бойынша меморандумға қол қойылған болатын. Бұл – осы компаниямен бірлесе өтіп отырған 5-қайырымдылық

іс-шара. Олар Наурыз мейрамы қарсаңында және Рамазан айында «Игі істер марафоны» аясында ауқымды акцияға қатысуда. Үйді-үйге жеткізіп берген азық-түлік себетінің ішінде бірінші кезекте қажет тағамдар, яғни қант, ұн, май, күріш, қарақұмық, шай, макарон, балаларға арналған тәттілер секілді қажетті тауарлар бар. Қораптың салмағы – 45 кг. Ал жүктің жалпы салмағы 45 тоннадан асады. Осындай игі акцияға атсалысып, өзгелерге өнеге көрсеткен Qazaq oil компаниясына алғысымызды білдіре отырып, қаладағы өзге де кәсіпкерлерді қайырымдылық істерге араласуға шақырамыз, – дейді қала әкімінің кеңесшісі Қуаныш Молдабек.

Оның айтуынша, бүгінгі таңда Астанада аса мұқтаждар санатына жататын 180 мыңға жуық отбасы бар. Азық-түлік себетінің бірі елорда тұрғыны, көпбалалы ана Роза Сырбековаға табысталды. Ол осындай жәрдем көрсеткені үшін ұйымдастырушыларға алғыс білдірді. Әкімдік мұндай қайырымдылық жұмыстарын басқа да ұйымдармен бірлесе жыл соңына дейін жалғастырады. Жалпы елордада он мыңдаған

отбасы 2023 жылы наурыздан бастап желтоқсан айына дейін қажетті көмек алды. Осылайша жалпы салмағы 1,2 млн кг-нан асатын 4000-нан астам азық-түлік жиынтығы таратылды.

Бұған қоса, кеше Алматы ауданының әкімдігі елорда волонтерлерімен бірге коммуналдық қызмет жұмысшыларына ыстық шай мен бауырсақ, наурыз көже таратты. Ауысымға шыққан 674 жол жұмысшысы мен 375 техни-

каны жүргізушілер еріктілерге ризашылығын білдірді. Сол сияқты «Жанашыр» қарттар үйінде, №2 көпшілік кітапханада, Қуыршақ театрында, «Жастар» театрында, Нұра ауданында осы күнге және жалпы Наурыз мерекесіне орай түрлі іс-шара ұйымдастырылды. «Астана жастары» жастар ресурстық орталығы волонтерлері тарапынан тұрғындарға бауырсақ пен шоколадтар таратылды.



## ЭТНОС ӨКІЛДЕРІ «АМАЛДЫ» ТОЙЛАДЫ



Достық үйінде Аналар және Ақсақалдар кеңестері, «Ассамблея жастары» филиалының жастары және түрлі этнос өкілдері Көрісу күнін атап өтті.

Мерекелік іс-шарада ассамблея мүшелері Аман күнінде жасалатын рәсімді көрсетті. Көрісе келген қонақтар бір-

бірімен амандасып, жүрекжарды жылы лебізін білдіріп, ас-дәмін ұсынды. Жиынға Қазақстан халқы ассамблеясы және Ақ-

сақалдар кеңесінің мүшесі, «Ырыскелді қажы» мешітінің имамы Яхия қажы Исмаилов қатысып, жылы лебізін білдірді.

– Еліміздің батыс аймағында берік орныққан Аман күнін тойлап жатырмыз. Бұл дәстүрді жыл сайын халық күтеді. Көктем келісімен қуанышты күндер басталады. Атап айтқанда, алдымен Аман күнінен басталып, әрі қарай Наурызды тойлаймыз. Еліміз тәуелсіздік алғалы ұлттық мейрамның жаңара бастағаны қуантады. Көрісу күнінде біреуге реніші бар адамдар өкпесін ұмытып, ренжіскен жандармен көріседі. Осылайша, арадағы суық қарым-қатынастың жібі үзіліп, бір-бірімен қайта табысады. Барша жиналған қауымды Көрісу күнімен құттықтаймын! Айлардың сұлтаны – Рамазан айында барлығымыздың ниетіміз қабыл болсын! – деді Яхия қажы Исмаилов.

Наурыз мейрамын мерекелеу аясында елордада 200-ге жуық іс-шара өтеді. Қала тұрғындары концерттерге, мерекелік бағдарламаларға, көрмелерге, қойылымдарға, ұлттық спорт түрлері бойынша жарыстарға және т. б. қатыса алады.

Сарыарқа және Байқоңыр аудандарындағы Белсенді ұзақ өмір сүру орталығында ардагер ата-әжелер «Аман» мерекесін атап өтті.

## МЕРЕКЕ ҚУАНЫШЫ

Орталыққа келетін зейнеткерлер Наурыз айындағы мейрамды қол алысып, жылы құшақтасып, көрісуден бастады. Мерекелік келушілерге бата беріп, жиналғандарға ақжарма тілегін арнады. Мерекені ұйымдастырушылар іс-шараны Аман мерекесінің шығу

Ұлттық құндылықтарымыз бен дәстүрлерімізді мейрамды қол алысып, жылы құшақтасып, көрісуден бастады. Мерекелік келушілерге бата беріп, жиналғандарға ақжарма тілегін арнады. Мерекені ұйымдастырушылар іс-шараны Аман мерекесінің шығу



тарихымен таныстырудан бастап, көрермендерге бейнеролик көрсетті.

Мәдени іс-шарада «Шаңырақ» этно-мәдени ансамблінің өнерлі әжелері «Бүлдірген», «Бипыл» әндерін орындаса, «Гауһартас» би тобының апалары «Қамажай» биін биледі. Аман мерекесі викторина жарысымен жалғасты. Өнерлі ата-әжелер әзіл аралас сұрақтарға жауап беріп, мақал-мәтел, жұмбақ айтып, дәстүрлі ән айтудан сынға түсті. Көрісу күні жиналғандарға мерекелік көңіл күй сыйлады. Сонымен қатар зейнеткерлерге ұлттық тағам түрлері де тарту етілді. Кеш соңында Сарыарқа ауданы бойынша әлеуметтік қызмет көрсету орталығының басшысы Кенжеболат Бапишев жиналғандарға алғысын білдіріп, мерекелен құттықтады.

іс-шаралар ұйымдастырылды. Көрісу күнінде жас ұрпақ пен қарттардың жылы кездесуі рухани-мерекелік іс-шарамен жалғасты. Жастар орталық алаңда түрлі аспапта ойнап, өз өнерін көрсетті, ал үлкен кісілер тілек айтып, бата берді.

Айта кету керек, бұл күні бұрынғы реніш, араздық ұмытылып, жұрт бір-біріне амандық тілейді. «Жыл басы көктемге аман-есен жеттік» деген сөздермен дастарқан жайылып, үлкендерді құрметтеп, құттықтайды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында Наурыз мейрамының мазмұнын одан әрі байыту және оны жастар арасында танымал ету қажеттігін жеткізді.

## БЕЛСЕНДІ ЗЕЙНЕТКЕРЛЕР ЖАРЫСЫ

Көрісу күні мерекесіне орай Астана қаласы Нұра ауданының жаңа Белсенді ұзақ өмір сүру орталығында тоғызқұмалақтан жарыс өтті. Оған аудандық Ардагерлер кеңесінің мүшелері қатысты.

– Бұл – ауданымызда жақында ашылған Белсенді ұзақ өмір сүру орталығында өтіп жатқан бірінші мерекеміз. Болашақта мұнда түрлі қызықты іс-шаралар өткіземіз, – деді аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Айтмағамбет Аипов.

Тоғызқұмалақ – ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұралар тізіміне енген зияткерлік ойын. Ұйымдастырушылардың айтуынша, іс-шараның басты мақсаты – елорда тұрғындары арасында ұлттық спорт түрлерін кеңінен насихаттау.

– Нұра ауданының Ардагерлер



кеңесімен және спорт дирекциясымен бірге тоғызқұмалақтан турнир ұйымдастырды. Қатысам дегендер көп болды, бірақ біз 14

қатысушыны іріктеп алдық. Ең жас қатысушы – 60 жаста, алды – 82 жаста, – деді аудандық Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының

қызметкері Ләззат Өтеғұлова. Турнир жеңімпаздары естелік сыйлықпен және құрмет грамотасымен марапатталды.



**Т**аяудан бері Қазақстан Республикасындағы вакцинаны міндеттеу туралы заңға байланысты әртүрлі әңгімелер туындап отыр. Бір топ адам вакцинаға тіс-тырнағымен қарсы шығуда, олардың ойынша, вакцина ұрпақты құртудың төте жолы және вакцина алғандар ұрпақсыз немесе мүгедек болып қалуы мүмкін екен. Расында, Қазақстанда екпеден кейін әртүрлі жағдайлар орын алатыны өтірік емес, қайтыс болғандар, мүгедек болғандар бар. Ал соңғы жылдары екпе егудің деңгейінің төмендеуіне байланысты мектептерде, балабақшаларда қызылша және басқа да жұқпалы аурулар ұшығып кетті. Осы жағдайға байланысты жақында ғана тағайындалған ҚР Денсаулық сақтау министрі екпе алмаған балалар үшін балабақшаларды жазаға тартуды ұсынды.

Мектепке дейінгі орталықтарға қызылша мен паротитке қарсы вакцина екпеген балақайды тәрбиешілер кіргізу керек. Бұлай етуге олардың толық құқығы бар. Ал бұл жүйемен жұмыс істемегендерге айыппұл салынбақ. Министр осылай балаларға уақытында екпе салуды біріздендірмек. Ақмарал Әлназарова бұл шаралар еске-лең ұрпақтың денсаулығы мен болашағы үшін жасалып жатқанын алға тартады. Алайда екпе мәселесін әкімшілік қысыммен атқарту наразылық тудыратыны белгілі. Зорлық немесе қысыммен міндеттеуден басқа да жолдар бар екенін ұмытпағанымыз абзал. Олай болса, вакциналауды әкімшілік күшсіз-ақ, қалай жұрттың сеніміне ие бола отырып, сапалы және қауіпсіз, нәтижелі жүргізуге болады? Осы сауалдар төңірегінде ой өрбітіп көрейік.

Бірінші: 21 ғасыр – вирустардың, жұқпалы аурулардың ғасыры. Одан шығудың жалғыз жолы – вакциналау. Халықтың қазіргі вакцинаға деген сенімсіздігі жоғары шекке жетті. Халықтың сенімін қайтару үшін вакцинаны теңдер (конкурс) арқылы сатып алуды толық тоқтатып, халықаралық қауіпсіздіктер мен стандарттарға сай, сапалы вакцина шығаратын компаниялармен тікелей келісімшарттар жасап, елге сапалы вакцина жеткізу керек. Өйткені теңдер арқылы, вакцина алу арқылы ең арзан, техникалық сақтау талаптары және сапасы ең төмен, халықаралық қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмейтін дамушы елдер шығарған вакциналардан зардап



## ЕКПЕ: МӘЖБҮРЛЕУ ЕМЕС, СЕНІМ КЕРЕК

Сөзді «вакцинаны қалай, қандай жағдайда, қандай талаптарға сай алып жатырмыз?» деген сұрақтан бастайық.

шегушілер көп. Ұрпақ денсаулығын теңдерге салмай, сапалы, еуропалық қауіпсіздік және стандарттарға сай, халықаралық жақсы имидж қалыптастырған компаниялардан вакцинаны тіке сатып алу керек.

Екінші: вакцинаны сатып алғаннан кейін өндірушінің тасымалдау-сақтау талаптарына сай температурада, ылғалдықта тасымалдау, сақтауды қамтамасыз ететін медициналық аппараттар және тасымалдау кезіндегі күйді көрсететін және тіркейтін жүйелер, оларды қадағалайтын, күтімін жасайтын мамандар қосынын жасақтау. Вакцина ғана

емес, кез келген дәрі-дәрмек, құрал-расходтардың стандартқа сай жасалуы, сертификатталуы, талапқа сай тасымалдануы, дұрыс жағдайда сақталуы бәрі тікелей клиникалық инженерияның дамуына байланысты. Жоғарыдағы талаптарды жүйеге келтіру – клиникалық инженер атты маманның бір функциясы. Ал Қазақстанда қазірге дейін «халықаралық стандарт» жайлы ауыз толтырып жарнама жасағанымызбен, денсаулық сақтау саласында клиникалық инженерия бағдарламасы да, клиникалық инженер деген статус та, маман да жоқ. Клиникалық

инженерлердің міндетін атқарып жүрген клиникада істейтін сервис инженерлердің заңдық статусы, функциясы, міндеттері айқындалмаған.

Жоғарыдағы шарт-жағдай, талаптармен мамандар қазір ірі қалалардың өзінде жоқ. Қажетті талаптарға сай тасымалданбау, сақталмау, жарамдылық мерзімі өткен вакцина қолдану, нұсқаулыққа сай қолданбау сияқты жағдайлардың соны өлімге, мүгедектікке әкелуі мүмкін. Ал аудан-ауылдарда қалай сақталатыны, тасымалданатыны жайлы айтудың өзі ұят. Сондықтан Қазақстан Денсаулық сақтау министрлігі тез арада клиникалық инженерия бағдарламасын қабылдап, әрбір ауруханада жоқ дегенде бір клиникалық инже-

нер штатын ашып, вакцинаны тасымалдау, сақтаудың инженерлік жүйесін жасап, біртұтас стандарттарға келтіру керек. Үшінші: вакцина егу кезінде міндетті орындауды ғана көздеп, топырлатып, белгіленген қысқа мерзімде вакцина егуді аяқтау

21 ғасыр – вирустардың, жұқпалы аурулардың ғасыры. Одан шығудың жалғыз жолы – вакциналау. Халықтың қазіргі вакцинаға деген сенімсіздігі жоғары шекке жетті. Халықтың сенімін қайтару үшін вакцинаны теңдер (конкурс) арқылы сатып алуды толық тоқтатып, халықаралық қауіпсіздіктер мен стандарттарға сай, сапалы вакцина шығаратын компаниялармен тікелей келісімшарттар жасап, елге сапалы вакцина жеткізу керек.

үшін екпенің қолдану талаптары, нұсқау бойынша жұмыс ережесі сақталмау, вакцина жасалатын адамдардың дәл сол кездегі денсаулық жағдайы бағаланбай, адам әртүрлі жедел қабыну, вакцина жасауға болмайтын жағдайда егу соңы да трагедияға әкелуі мүмкін. Сондықтан вакциналау кезінде өндіруші тараптың нұсқаулығы бойынша әрекет етуді қатаң қадағалап, ережені бұзғандарға қатаң шара қолдану керек.

Төртінші: кейбір вакцина өндірушілер климаттық жағдайларға, өңірлік жағдайға байланысты ұсынылған мезгілде, ауа райына сай егілмейді. Оның өзі вакцинаның өнімділігін төмендетіп қоймай, келесіз жағдайлар болуы мүмкін. Мысалы: жай тұмауға қарсы міндеттелмеген вакцинаны Алматы мен Астанада бірдей уақытта егудің өзі дұрыс емес. Астанаға суық бір жарым ай ерте түссе, вакцина да соған сай ерте егілу керек. Әйтпегенде оның өнімі болмайды. Себебі суықтап тұмау тиетін уақытқа дейін антидене толықтай қалыптасып үлгермеуі мүмкін.

Осы жағдайларды шешкен кезде елімізде вакцинаға деген сенім де артады, сапасына да көзі жетеді. Сонымен бірге маусымдық және кездейсоқ жұқпалы аурулар азайып, еліміздің Денсаулық сақтау саласына бөлген бюджет қаржысын үнемдеуге болады.

Қорытып айтқанда, вакцина жайлы талас болғанда «керек, керек емес!» деген тұрғыдағы дау емес, қайта «қалай, қандай жағдайда, қандай талаптарға сай вакцина алып жатырмыз?» деген сұрақтар қойып, халықтың медициналық сауаттылығын арттыруға Денсаулық сақтау министрлігі және ақпарат құралдары біріге жұмыс істеу керек. Халықаралық талаптарға сай медициналық инженерияны қолға алмай, клиникалық инженерлерді дайындамай, студенттерін көтермей вакциналар да, дәрі-дәрмектер де, медициналық құрал-жабдықтар да қауіпсіз, өнімді қолданылмайды, тиімділігі, өнімділігі болмайды. Бұл түйінді халық болып, тиісті мамандар болып шешу керек. Сонда ғана біздің елде де өзге өркениетті елдердегідей қауіпсіз, сапалы медициналық қызметтер ала алатын боламыз.

**Серік МҰРАТХАНҰЛЫ,**  
«Ұлттық нейрохирургиялық орталық» АҚ медициналық аппараттар бөлімінің бас инженері

## ОРАЗАДА ҚАЛАЙ ТАМАҚТАНҒАН ЖӨН?

Мұсылман қауымы ораза ұстайтын қасиетті Рамазан айы басталды. Елорданың Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы мамандары осы кезеңде тамақ қандай болуы керек және қандай өнімдерден бас тарту керектігі туралы айтты.

**Райхан  
РАХМЕТОВА**

Ең алдымен, ораза денсаулыққа зиян келтірмеуі керек екенін атап өткен жөн. Ораза – үлкен дайындықты талап ететін физикалық және рухани тәжірибе. Егер сіз физикалық тұрғыдан сау немесе денсаулығыңызға сенімді болмасаңыз, дәрігерлермен кеңескен жөн: ауруларыңызды талқылап, дәрігер ұсынатын емдеудің ықтимал баламаларын зерттеңіз.

Физиологиялық тұрғыдан организм соңғы тамақтанудан кейін шамамен 8 сағаттан соң, яғни ішекте қоректік заттардың сіңуі аяқталғаннан кейін

аштық күйіне енеді. Қалыпты жағдайда бауыр мен бұлшықеттерде гликоген ретінде сақталатын глюкоза – организм үшін негізгі энергия көзі. Ораза кезінде глюкоза қоры тез жұмсалады, ал келесі энергия көзі – май. Ұзақ аштық күйінде ғана (бірнеше аптаға дейін) организм ақуыздардан энергия алады.

Рамазан оразасы тек таңнан кешке дейін жалғасатындықтан, таң атқанға дейін және күн батқаннан кейін ағзаны энергиямен қамтамасыз етудің үлкен мүмкіндіктері бар. Бұл глюкозаны қабылдаудан майға біртіндеп ауысуды қамтамасыз етеді және бұлшықет ақуызының шығынын болдырмайды. Ағза энергиясын

толықтыру үшін майды қолдану бұлшықеттерді сақтай отырып, салмақ жоғалтуға ықпал етеді және ақырында холестеринді төмендетеді. Сонымен қатар, бұл қант диабетін бақылауға және қан қысымын төмендетуге әкеледі. Детоксикация процесі де жүреді, өйткені дене майларының токсиндері ериді және жойылады. Бірнеше күн ораза ұстағаннан кейін эндорфин деңгейі жоғарылайды, бұл зейінді және жалпы психикалық жағдайды жақсартады.

Өміршеңдікті сақтау үшін қажетті қоректік заттармен, тұзбен және жеткілікті сумен теңестірілген тамақтану маңызды. Бұл айда тамақтану қалыпты және мүмкіндігінше қарапайым болуы керек. Ұзақ уақыт ораза ұстауды ескере отырып, баяу сіңетін тағамдарды, соның ішінде құрамында жасунық бар тағамдарды тұтыну керек. Баяу сіңетін тағамдардың энергиясы 8 сағатқа, ал тез сіңетін тағамдардың энергиясы 3-4 сағатқа жетеді.



Баяу сіңетін тағамдар – құрамында күрделі көмірсулар бар тағамдар: дөңдер мен тұқымдар – арпа, бидай, сұлы, тары, жарма, бұршақ, жасымық, еленбеген ұн, ұнтақталмаған күріш және т.б. Тез сіңетін тағамдар – құрамында бос, тазартылған көмірсулар бар тағамдар: қант, еленген ұн, мысалы, жоғары сортты ұн.

Құрамында жасунық бар тағамдар:

кебек, тұтас ұнтақталған бидай дәндері, тұқымдар мен дәндер, көкөністер, жүгері, шпинат, темірге бай қызылша жапырақтары, қабығы бар жемістер, бадам, кептірілген жемістер және т.б. Тұтынылатын тағам құрамында әр тағамдық топтағы тағамдар болуы керек: жемістер, көкөністер, ет/тауық еті/балық, нан/жарма және сүт өнімдері. Рационнан алып тастау маңызды: қуырлықан, майлы тағамдар және құрамында қант көп тағамдар.

№32 (4620) 16/03/2024 Сенбі

(Соңы. Басы газетіміздің №30 (4618) және №31 (4619) сандарында)

**М**емлекетке алғашқы қазақстандық миллиард пұт астықты тапсыруға байланысты желік ұзаққа созылған жоқ. Келесі жылы, 1957 жылы астық 2,5 есе кем жиналды, ал 1963, 1964 жылдары астық өндіру 1953 жылғы деңгейден сәл артты. Бірақ сол кезде себу алаңдары, егіс алқаптары бес есе аз болды. Аяусыз жыртылған кең байтақ қазақ даласында ғапырлар бойы жиналған құнарлы жер қабатын ұшырған шаңды боран басталды. Осы себепті 1958-1965 жылдардағы агротехниканың нашарлығынан 3 миллион гектарға дейінгі егіс алқаптары есептен шығарылды, айтарлықтай үлкен алқаптарда астық өнімі бірден төмендеді.

Тек 60-жылдары ғана тың шаруашылығының маңызды бөлігі диқаншылыққа жарамсыз аудандарда орналасқаны туралы белгілі болды, эрозияға қарсы техника мен агротехниканы жасау және қолдану қажеттігі туралы сөз бола бастады. Осы кезде КОКП ОК КСРО Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлескен қаулысында «Қазақ КСР-да жыл сайын шаңды борандар егіс даласының құнарлы қабатын ұшыруда, біршама ауқымды алқаптарда егісті құртып, зиян келтіруде, ал кейбір аудандарда суармалы жерлерді, ирригациялық каналдарды, су көздерін шаң-топырақ басып қалуда» деп мойындады.

Жыртылған тың жерден алғашқы мол астықты өндіргенде тың игерушілерге шеттен келетін көмексіз жинап алу мүмкін еместей көрінді. Қарапайым егін жинау науқаны бүкіл Одақтың жұмыла кірісетін шаруасына айналды. Мысалы, 1956 жылы астық жинауға Қазақстандағы тың алқаптарына елдің түкпір-түкпірінен 11700 комбайнер өз комбайнымен, 20 мың шофер келді. БЛКОК ОК 200 мың қыз бен жігіт, студенттерді жіберді. Келесі екі жылда астық көп болмаса да, астық жинауға елдің басқа аудандарынан миллионнан артық жас жұмысшы, қызметкер, студент қатысты.

Жыл сайын астық жинау кезеңінде ондаған әскери бөлімше келді. Жүздеген мың адамды, ондаған мың техниканы елдің бір шетінен екінші шетіне астық жинауға жіберу ақылға сыятын іс емес.

Тың игеру туралы әдебиетте өндіріс күштерін пайдаланудың тиімділігін сараптау ауыл шаруашылығындағы материалды-техникалық базаның өсуін зерттеумен жиі ауыстырылады. Бір топ ғалым осы тақырыпты зерттеуде қор қайтымсыз мәселесіне соқпай, айналып өтеді. Сол екі арада айналымдағы қор бірлігін өндіру төмендеді және төмендеу коэффициенті 1961-65 жылдардан бастап 1976-78 жылдары аралығында тыңдағы совхоздарда 0,70-тен 0,43-ке дейін төмендеді. Ал 1 центнер астықтың өзіндік құны 1958-60 жылдары 9,92 рубльден, 1981-84 жылдары 8,5 рубльге өсті. Көптеген зерттеуші тың өндірісінің әлеуметтік тиімділігіне сараптама жасаған кезде орташа өмір сүру деңгейі, балалар өлімі, кадрлар ауысымы, қылмыстық және шаруашылық қылмыстар, жасырын жұмыссыздық, жергілікті тұрғындардың көңіл күйі, алкоголизмнің таралуы, жер экологиясы және басқа мәселелерге соқпай айналып өткен.

Ғалымдардың есебі бойынша тың игеру кезінде топырақ гумусының жоғалуы 15-20 пайызға, кейбір жерлерде 23 пайызға дейін жеткен. Ал бүгінде бұрынғы тың жерлердегі гумус құрамының жоғалуы 35 пайызға жетті және бұл процесті қалпына келтіру мүмкін емес.



## ТЫҢ ЭПОПЕЯСЫ: ТАРИХ ТАРАЗЫСЫНДА



Осы қарқын сақталса, келесі он жылдан кейін қайтарымы қиын процесс басталатынын есептеу қиын емес, басты байлығымыз – жер құнарлы қыртысынан айырылады. Келесі ұрпаққа қандай мұра қалдырғанымызды ойлауымыз керек.

Көп жылдық тәжірибе көрсеткендей, Солтүстік Қазақстан жағдайында табысты диқаншылыққа жету шартының бірі – таза бу жағдайы. Бұл басқа елдердің, әсіресе біздің республикадағы тың алқаптарының климаттық жағдайына ұқсас Канаданың тәжірибесінде кеңінен пайдаланылады. Онда қазіргі күнге дейін жыртылған жердің 30-35% пар астында жатады. Қазақ астық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының ұсынысы бойынша тың жерлердің 20-25% пар астында болуы қажет. Бірақ отандық және әлемдік тәжірибені елеп-ескермеген Хрущев жер-ана байлығын тап қазір алуға тиіспін деп мәлімдеп, егіс алқаптарын кеңейтуді талап етті. Бұл – қазақ халқы үшін өтеуінің орны толмас, Хрущев тарапынан жасалған нағыз кешірілмес қателік. Тың игерушілерде көтеріңкі рух, еңбекке деген құлшыныс жоғары болғаны рас. Еңбек озаттары көптеп шығып, социалистік жа-



Ғалымдардың есебі бойынша тың игеру кезінде топырақ гумусының жоғалуы 15-20 пайызға, кейбір жерлерде 23 пайызға дейін жеткен. Ал бүгінде бұрынғы тың жерлердегі гумус құрамының жоғалуы 35 пайызға жетті және бұл процесті қалпына келтіру мүмкін емес. Осы қарқын сақталса, келесі он жылдан кейін қайтарымы қиын процесс басталатынын есептеу қиын емес, басты байлығымыз – жер құнарлы қыртысынан айырылады. Келесі ұрпаққа қандай мұра қалдырғанымызды ойлауымыз керек

рыстар ұйымдастырылды. Астық жинаудың түрлі әдісі дүниеге келді. Тың игеру бидайды ғана емес, астықтың өзге түрлерін өсіруге де мәжбүрледі.

1954-1964 жылдары Тың өлкесі құрамына енген 5 облыстың 200-ден астам селолық және аудандық кеңестерінің атауы орыс тілінде қайта өзгертілген немесе жаңадан ат қойылған.

1951-1965 жылдары елімізде жылқы саны 365,7 мыңға азайып кеткен, біржақты саясаттың салдарынан жалпы мал шаруашылығы, оның ішінде ірі қара

өсіру кенжеледі, жайылымы мол қазақ даласында қой өсіруге көңіл бөлінген жоқ. Рас, жыл өткен сайын мал басының өскені байқалады, бірақ бұл кеңес өкіметінің аграрлық саясатының жемісі емес, табиғи құбылыс болатын. Қазақстанда 1980 жылдардың өзінде мал саны жыл сайын баяу өсіп отырды. Тың игеру жылдары шошқа саны артып, 4 еседен астам өскен деген мәлімет коммунистік жетістік ретінде жария етіліп келді, алайда салыстырмалы түрде қорытынды жасау үшін алдымен соның алдындағы көрсеткішті

алу қажет. Демек, бұрын шошқа өсірілмеген қазақ даласында бұл түліктің саны туралы сөз етудің өзі артық. 1954-1964 жылдары астық сатып алу жоспары Одақ көлемінде үш рет қана (1956, 1958, 1964 жылдары) орындалды. Соған қарамастан, агротехниканың әлемдік жетістіктерін қолданып, егін шығымы мен алынған астықтың сапасын халықаралық стандарттарға жеткізу жөнінде мардымды жұмыс атқарылған жоқ. Кеңес жүйесінің артықшылығы, коммунистік партияның кемеңгер басшылығы сияқты даңғазға ұран мен жалған мәліметке әуестенген қоғамда шын мәніндегі аграрлық реформа жасалмады. Соның салдарынан тың жерлерді игеру 60-ыншы, тіпті 80-жылдары да толастамады. Табиғаттың сәйкестігі өрескел бұзылып, Қазақстанның егіншілікке жарамды аймағына орасан зор зиян келтіру үрдісін тежейтін күш болмады.

Орайы келгенде астық молшылығы проблемасын тек қана

Сонымен, зерттеулеріміздің нәтижесінде 1950-1960 жылдары жасалған аграрлық реформаның нәтижесі және оның Қазақстанның солтүстік аймақтары үшін тигізген әсері және салдары туралы былай деуге болады:

Аталған кезеңдегі кеңес аграрлық реформаның ең негізгі мазмұны – тың және тыңайған жерлерді жыртып, елде астық молшылығын жасау, сөйтіп ауыл шаруашылығындағы дағдарысты жою. Қыруар қаржы, орасан материалдық қорлар мен адам күші халық шаруашылығының басқа салаларынан тартып алынып, тек қана тың және тыңайған жерлерді игеру мүддесіне жұмсалды. Еліміздің астық балансы нығайды. Қазақстан Кеңес Одағы бойынша астық өндіретін негізгі аймақтың біріне айналды. Астық өндіретін шаруашылықтардың тұрғындарына әлеуметтік-тұрмыстық жағдай жасалды, селода қажетті инфрақұрылым қалыптасты. Алайда аграрлық реформа ғылыми негізделген экономикалық заңдылықтарға сүйене отырып жасалған жоқ. Мемлекет деңгейінде ондаған жылға арналған күрделі жоспарлар әміршіл-әкімшілік тәсілмен, жеке биліктің еркімен жүргізілген өзгерістер, көп жағдайда асыра сілтеушілікке, даңғаз насихаттың жеңісі деген желеумен көзбояушылыққа, жалған мәлімет беруге, соның салдары ретінде тұтас ұрпақтың санасын тұмандағытып, халықтың бос қиялға еліктеуіне әкеліп соқтырды.

Экстенсивті түрде жүргізілген егіншілік салдарынан Қазақстанның солтүстік аймақтарында мыңдаған гектар алқап жарамсыз болып қалды, табиғат ерекшеліктері ескерілмей, ауа райының құбылмалы жағдайында, астықтан жыл сайын тұрақты мөлшерде түсім алуды қамтамасыз ететін агротехникалық шаралар кеш ойластырылып, кешенді түрде жүргізілмеді, сападан гөрі санға әуестенушілік басым болды. Мал шаруашылығы назардан тыс қалды, Қазақстан жағдайында тиімді болатын мал өсіру ісі баяу дамыды.

Тың және тыңайған жерлерді игеру ұранымен асығыс жүргізілген шаралардың қоғамдық-әлеуметтік, демографиялық салдары ретінде аз уақыт ішінде Қазақстанның солтүстік аймағында қазақ ұлты аз болды, жаңа совхоздарды жұмысшы күшімен қамтамасыз ету үшін Кеңес Одағының түрлі аймағынан ондаған ұлттың өкілдері, жұмыссыз жүргендер, қылмыстық элементтер, ауыл шаруашылығы кәсіптеріне машықтанбаған әскери қызметкерлер, бір сөзбен айтқанда, қазақ халқының өмір салты, мінез-құлқы жөнінде ешқандай түсінігі жоқ мыңдаған адам келді. Осылайша, қазақ халқының мыңдаған жыл бойы қалыптасқан ұлттық ерекшеліктері мен салт-дәстүрлері, мәдени құндылықтары аяққа басылды.

Тың игеру ісіне ғалымдар да ауқымды үлес қосты. Олардың арқасында егін шаруашылығына жарамды тың жерлерге зерттеулер жүргізіліп, бөлінген жер телімдері іріктеліп, жаңа совхоздарда шаруашылық пен тұрғын үй құрылыстары жоспарланды, сусыз жерлерді суландыру жобасы жасалды. Тың жердің жағдайына сәйкес келетін машиналар ойлап табылды. Бірақ осы кезеңге дейін тың игеру ісіндегі ғалымдардың алатын рөлі жеткіліксіз зерттелді. Нақты материалдар тек тың игеру тарихына арналған кейбір еңбектерде ғана кездеседі. Олар шағын әрі ғалымдардың үлесі туралы толық мәлімет бере алмайды. Сондықтан бұл мәселенің терең зерттелмеуі тың игеру тарихының ақтаңдақ беттерін арттырады.

Сәуле МӘЛІКОВА,  
тарих ғылымдарының  
кандидаты, Солтүстік  
Қазақстан мемлекеттік  
архивінің директоры

## ТІЛЕНДИЕВТІҢ ТҰЯҒЫ

Көрнекті күйші-композитор, дирижер, КСРО Халық әртісі, Қаз КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Халық қаһарманы Нұрғиса Тілендиевтің Алмас-Әлкен атты ұлы бар екені туралы кезінде журналист, ақын Сайлау Байбосын «Жас Алаш» газетіне жазды. Сол асылдың сынығы, тектінің тұяғы – 3-4 жылдан бері Астана қаласының тұрғыны. «Ұлылардың ұрпағы» атты жобаны бастаған Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жанындағы «Кәусар» мәдени-танымдық бірлестігі Алмас ТІЛЕНДИЕВПЕН кездесу ұйымдастырып, сыр-сұхбат өткізді.



Аманғали  
ҚАЛЖАНОВ

Кездесуді үйлестіруші аталмыш бірлестік жетекшісі, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Кенжеғали Мыржықбай қомақты таныстыра келе, бір сырдың бетін ашты. Оның айтуынша, Нұрғиса Тілендиевтің ағасы Қаймолда 1941 жылы Екінші дүниежүзілік соғысқа аттанып, хабарсыз кеткен. Нұрғиса соғыстан оралған соң, Қаймолданың зайыбы Фатима Байтасқызы оған әмеңгерлік жолмен тұрмысқа шыққан. Осылайша 1947 жылы арада ұл бала дүниеге келіп, оған Нұрғисаның өзі Алмас деген есім берген.

«Нұрғиса ағамен кезінде бірге істегенбіз, мінезін жақсы білеміз. Сол мінезін бе, әлде Фатима апамыз өнеріне кедергі келтірмейін деген бе, әйтеуір кейіннен екеуінің жолы екі жаққа айырылды. Фатима апамыз туралы айтқанда, ол кісі өз уақытысында әйелдер арасында сирек кездесетін заңгер мамандығын алып, Қырғызстанда судья, адвокат болып қызмет істеді. Алматыға оралғанда Қаймолдаға қосылып, екеуінен Лариса атты қыз бала туған» деді Кенжеғали Мыржықбай.

Нұрғиса Тілендиевтің көзін көрген әдебиеттанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Серік Негимов композитор туралы естелік айтты. Ерекше атап өтерлігі, келесі жылы Нұрғиса Атабайұлының туғанына 100 жыл толады. Даңқты өнер иесінің ғасырлық мерейтойын жайықты деңгейде атап өту үшін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев тиісті тапсырма берді.

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры, академик Ерлан Сыдықов «Кәусар» мәдени-танымдық бірлестігінің тұлғатанудағы үлкен еңбегін атап өтіп, Нұрғиса Тілендиевтің қазақ өнеріне қосқан өлшеусіз үлесіне тоқталды. «Ұлылардың ұрпағы» жобасы туралы айта келе, алда осы жоба аясында ақын Шәкір Әбенәттің қызы Санамен кездесу өткізу жоспарланғанын жеткізді.

Кездесуге Алмас Тілендиевтің зайыбы Галина Дайырбекқызы да қатысып, өзі және жұбайы туралы, Нұрғиса

Оның айтуынша, кезінде Баянауылда музыка мектебінде жұмыс істеген, кейін Семейде музыкалық колледжді басқарған Серік Манаев Нұрғиса Тілендиевтің өз аузынан ұлының бар екенін естіген. Мұның анық-қанығына көз жеткізу үшін Алмас Тілендиевтің отбасымен танысқан.

«Әлекең кітап оқығанды жақсы көреді. Бір күні болмай мені кітапхана ертіп апарды. Сонда барғанда «Өнер» деген бөлімнен Нұраға туралы кітап сұрадым. Кітапханашы маған «Қаһарман Нұрғиса» деген кітапты берді. Соны парактап шыққанымда 20-бетте «Ата, сізді Халық қаһарманы атағын алуыңызға байланысты шын жүректен құттықтаймыз! Өзіңізге денсаулық, отбасыңызға амандық тілейміз! Тілендиев Алмас жаңуысы: немерелеріңіз Тимур, Алтынай, Нұрлан. Баянауыл, 1998 жыл» деп жазылған. Мұны біз жіберген жоқпыз. Нұрғиса атамның өзі жазып, кітап авторы Серік Әбдірайымовқа берген деп топшылаймыз. Себебі жұбайымды Алмас деп өзі ғана атайтын. Әйтпесе жұрт Әлкен деп атап кеткен» дейді Галина Дайырбекқызы. Отбасының Нұрғиса Тілендиевке қатысы туралы «Тұлпардан қалған бір тұяқ» атты кітап та жазып, баспадан шығарды.

«Кітап шығарудағы мақсатым балаларымыз, немерелеріміз бар. Әйтпесе атақ, даңқты, танымалдықты қуып отырған жоқпын. Екі ұлымыздан да ұлдар тарайды. Ертең кетіп қалсам, шешеміз сияқты шындықты бірге алып кетпейін деп ойладым» дейді Галина Дайырбекқызы. Оның сөзінше, олардың отбасының Нұрғиса Тілендиевке қатысы туралы фильм де түсірілген.

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жанындағы «Отырар кітапханасының» директоры Бақытжан Оразалиев естелік айтты. Университет студенттері Әсем Жанатова мен Бауыржан Маратұлы Нұрғиса Тілендиевтің «Құстар әні» және «Әке туралы ой» әндерін салды. Кездесуді жүргізген Кенжеғали Мыржықбай «Өз елім» туындысын әуелетіп, Нұрғиса Тілендиевпен бірге жүрген күндерден естелік жаңғыртты.



## БАЯҒЫНЫҢ БАЯНДЫ ӘНДЕРІ

Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның «Сарыарқа» халық музыка ансамблі «Сол бір кез» атты ретро концертті көрермен назарына ұсынды.

Кеш барысында «Гүл Алматы», «Анаға сәлем», «Маралдым», «Шақырады көктем» сынды баяғының баянды әндерімен қатар, «Тақиялы періште», «Қызметтестер хикаясы», «Кавказ тұтқыны», «Махаббат бекеті» және т. б.

фильмдердің әндері орындалды. Кешке Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Арайлы Рахым, Естай Мұқашев, Светлана Айтбаева, Улықпан Жолдасов, мәдениет саласының үздігі Нұрай Танабаев, «Дарын» мемлекеттік жастар

сыйлығының лауреаты Ақбота Құснадин және халықаралық байқаулардың лауреаттары Әкімхан Мәженов, Айдын Жұмабай, Шахризада Тыныштық, Қымбат Жамбылбек, «Алем» заманауи би балеті қатысты. Кеш қонақтары ретінде әйгілі «Дос-Мұқасан» фильмінде басты рөлдің бірін ойнаған Мейіргат Амангелдин, Елдос Шәйкенов және Мәдениет қайраткері Айжан Тәженова өнер көрсетті.

## САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕГЕН САЙЫС

Астана қаласы әкімдігі «Руханият» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ұйымдастыруымен Ұлыстың ұлы күні – өз-Наурыз мерекесі қарсаңында Смағұл Сәдуақасов атындағы №78 мектеп-гимназияда тіл шеберлігі сайысы өтті.



Сайыстың мақсаты – жас ұрпақтың бойына қазақ тілінің асыл мұрасын, байлығын терең оқып-білуге үйрету, зердесіне тоқу, халық ауыз әдебиеті мен әдеби тілінің көркемдігін дәріптеу, әдеби тілде сөйлеу дағдысын қалыптастыру, оқушыларды ата-бабамыздың дүниетанымын қастерлеуге, жауһар қазынамыздың алтын діңгегі ретінде салт-дәстүрімізді құрметтеп, ұлтымыздың тарихындағы алатын орнын айшықтап айту, осы айтылған мақсаттар арқылы

ата-ана мен мектеп арасындағы байланысты нығайту, үлкенді сыйлауға, қадірлеуге тәрбиелеу. Іс-шара шарттары 4 кезеңнен тұрды. Бірінші кезең – әдет-ғұрып, иман, әдеп тақырыбындағы мақал-мәтел сайысы, екінші кезең – Наурыз мерекесіне қатысты, салт-дәстүрге байланысты викторина сұрақтары, үшінші кезең – ұлтымыздың жарқын бейнесін көрсететін салт-дәстүрден көрініс көрсету, төртінші кезең – ұлттық киімдердің сән шеруі.

Оқушылар осы тақырып аясында жан-жақты дайындықпен, ізденісін, актерлік шеберлігін, ұшқыр ойын, терең ізденісін көрсетіп, салт-дәстүрімізді дәріптеп, қазақ тілінің мерейін асақтатуға барынша күш-жігерін жұмсады.

Бұл сайыстағы ең басты ерекшелік – оқушы мен ата-ана арасындағы байланысты нығайту, осы мақсатта ата-ана, сайысқа қатысқан оқушының отбасы мүшесінен міндетті түрде қатысу мәселесі қамтылды. Бұл мақсат өз дәрежесінде орындалып, ата-ана өзінің ұл-қызына деген ыстық сүйіспеншілігін, керемет қарым-қатынасын айрықша шеберлікпен көрсетті.

Нәтижесінде бас байғени Ердаулет Үсенов қанжығасына байласа, I орынды Жаңабай Ерасыл, II орынды Нұрдәулет Үсенов пен Қойлыбай Бекболат, III орынды Мұзалбек Шапағат, Аружан Мақатова, Дана Әзімхан иеленді. Арнайы аталымдар бойынша да мадақтама берілді. Іс-шараға қатысушы барлық жұлдегер мен белсенді қатысқан оқушыға бағалы сыйлық пен диплом, алғыс хат тапсырылды.

«Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» мемлекеттік мекемесі егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын 2024 жылғы 10 сәуірде, сағат 11:00-де Республика даңғылы, 32, 1-қабат мекенжайы бойынша өткізілетіні туралы хабарлайды:

- 1) Тапсырыс беруші «BAVTrade» ЖШС, «Есіл» ауданы, Мәңгілік ел даңғылы, 47/3 уч. ауданында, объектінің егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын 1-5 қабатты «Кіріктірілген үй-жайлары мен паркінгті бар бизнес орталықтан» 2-10 қабатты «Сауда аймақтары мен кеңселері бар отбасы демалыс орталығына» түзету;
- 2) Тапсырыс беруші «Кипрос» ЖШС, Саяжай тұрғын алабы, «Астана» гольф клубының ауданында, объектінің егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын «Қызмет көрсету

объектілері, коммерциялық үй-жайлары және паркінгті бар тұрғын үй кешені, сауда орталығы, қонақ үй кешені, көпөтерлі тұрғын үй, үй-жай үлгісіндегі тұрғын үй, коттедж қалашығы, қонақ үй, жеке тұрғын үй, коммерциялық үй-жайлары мен паркінгті бар тұрғын үй, спорт кешені, мектеп, балабақша, әкімшілік ғимаратынан қызыл сызықтарды алып тастау және жол-көлік желісін өзгерте отырып, «қызмет көрсету және инфрақұрылым объектілері бар көпфункционалды аз қабатты тұрғын ауданға» түзету.

Дәлелді пікірлер мен ұсыныстар қоғамдық талқылаулар басталған күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей p.seitzharagov@astana.kz электрондық поштаға немесе қолма-қол Астана қаласы, Ә.Мәмбетов көшесі, 24-үй мекенжайы бойынша арналған жәшік арқылы жіберуге болады.

«Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын түзету бойынша қоғамдық талқылаулар өткізілетіні туралы хабарлайды: – «Нұра» ауданы, Хусейн бен Талал және Е102 көшелерінің қиылысында орналасқан жер учаскесінде «4, 5, 7 қабатты кіріктірілген үй-жайлары мен қызмет көрсету объектілері бар көпөтерлі тұрғын үй кешенінен» «Astana IT University студенттік қалашығына», тапсырыс беруші «Astana IT University» ЖШС;

Қоғамдық талқылаулар 2024 жылғы 9 сәуірде, сағат 11:00-13:00-ден бастап Республика даңғылы, 32, 1-қабат мекенжайы бойынша өтеді. Бекітілген нысан бойынша дәлелді пікірлер мен ұсыныстар қоғамдық талқылаулар басталған күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей p.galymzhan@astana.kz электрондық поштаға немесе қолма-қол Астана қаласы, Ә.Мәмбетов көшесі, 24-үй мекенжайы бойынша арналған жәшік арқылы жіберуге болады.

«Елорда құрылыс компаниясы» ЖШС тапсырыс беруші тұлғасында мемлекеттік сараптамадан өткен, ауданы 5,9870 га жер учаскесінде Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Ш.Айтматов көшесі ауданы мекенжайында орналасқан, кіріктірілген үй-жайлары мен паркінгті бар көпөтерлі тұрғын үй кешенін салу үшін жобалау-сметалық құжаттаманы іске асыру бойынша конкурстық рәсімдерді жариялайды.

Конкурсты өткізу шарттары бар конкурстық құжаттаманы 2024 жылғы 20 наурызға дейінгі мерзімде Астана қаласы, Ә.Мәмбетов көшесі, 24, 805-офис мекенжайы бойынша қолма-қол алуға болады.

МАЭС 2024 жылғы 7 наурыздағы ұйғарымымен «Нор-Ачин» ЖШС-ке қатысты, БСН 131040001899, оңалту рәсімін қолдану туралы азаматтық іс қозғалды. Талаптар мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Көктал тұрғын алабы, Абайдың 150 жылдығы көшесі, 4/1 үй.



## СТУДЕНТТЕР САЙЫСЫ

Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен Qazaqstan жеңіл атлетика кешенінде «Қажымұқан жолы – student cup» көпсайысы өтті. Қажымұқанның шеберлігі мен ерлігін өнеге тұтқан қара күш иелері бақ сынады. Салауатты өмір салты мен спорттың құндылығын насихаттаған іс-шара көпшіліктің көңілінен шықты.

Ашылу салтанатына Ұлттық олимпиада комитетінің вице-президенті Серік Сәпиев, «Қазақстан спортшылар одағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Азамат Қарлығашев және ауыр атлетикадан әлем чемпионы Илья Ильин қатысып, толағайларға сәттілік тіледі. Жоба авторы және Гиннестің рекордтар кітабының рекордшысы Сергей Цырульников шара барысында болат темірді майыстырып, жиналған жұртшылықты таңдай қақтырды.

Жарыс жолына 11 университеттің 22 студентті қатысып, ептілігі мен күш-қайратын дәлелдейтін жаттығу түрлерін орындады. Бірінші сайыста спортшылар 2 минутта 60 келілік қапты басынан асыра көтерсе, екінші жаттығуда шынжырға байланған 24 келі болатын гір тасын 2 команда ұзақ ұстап тұру арқылы жарысты. Үшінші кезеңде ұзындығы 60 сантиметрді құрайтын арматураны уақыт



жылдамдығымен майыстырды. Ал төртінші раундта салмағы 80 келі қапшықты 2 минут ішінде 1,2 метр кедергіден мейлінше көп асыруға тырысты. Қорытынды сайыста командалар арқан тартуда сынға түсті.

Қатысушылар арасында ауыр атлетикадан жасөспірімдер арасында әлем чемпионы Едіге

Емберді, армрестлингтен Азия чемпионы Станислав Слободян да бар.

Турнир қорытындысы бойынша 1-орынды – С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, 2-орынды – Astana IT University, 3-орынды Спорт академиясы иеленді.

## ЕКІ КОМАНДА – ПРЕМЬЕР-ЛИГАДА

Қазақстан Премьер-лигасының 2-туры өтті. Әзірге 6 ұпай жинаған қостанайлық «Тобыл» мен елордалық «Астана» командалары көш бастады.

«Астана» футбол командасы 1-турда биыл Премьер-лигаға қайта қосылған тағы бір астаналық «Жеңіс» командасын қабылдап, 2:0 есебімен басым түскен еді. Ал 2-турда Талдықорғанда жергілікті «Жетісу» командасын 2:0 есебімен тізе бүктірді. Енді 31 наурызда

өтетін 3-турда семейлік «Елім-ай» командасын қабылдайды.

Биыл Астана қаласынан екі команда Премьер-лигада өнер көрсетуде. Біріншісі – еліміздің 6 дүркін чемпионы «Астана», екіншісі – «Жеңіс» командасы. 1964 жылы құрылып, әр жылдары

«Динамо», «Целинник», «Цесна», «Намыс», «Жеңіс» атауымен танылған футбол командасы 2000, 2001 және 2006 жылдары Қазақстан Премьер-лигасының чемпионы, 2001, 2002 және 2005 жылдары Қазақстан кубогының жеңімпазы болған. Астанада

«Жеңіс» командасының жан-күйері көп.

Әзірге «Жеңіс» турнир кестесіндегі 7-орынға тұрақтады. 2-турда Қарағандының «Шахтерін» қабылдап, 1:0 есебімен басым түсті. Енді 31 наурызда Ақтөбеге қонаққа барады.

Дайындаған Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

## ТЕАТРДЫҢ МЕРЕКЕЛІК ТАРТУУЫ

Қалибек Қуанышбаев атындағы мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық-драма театры 27 наурыз – Халықаралық театр күніне орай наурыз айының 16-26 күндері аралығында «Қаллеки тынысы» атты спектакльдер шеруін ұсынады.

Елорда көрермендерін Қаллеки театр өнерінің үздік үлгілерімен таныстыру мақсатында өтетін іс-шара аясында театр сарапшылары мен көрермен назарына 2022 жылдың наурыз айы мен 2024 жылдың наурыз айы аралығында жарық көрген премьералар көрсетіледі. Атап айтқанда, «Баян Сұлу-Қозы Көрпеш», «Хат», «Бала мерген», «Үйлену», «Қыз жиырмаға толғанда», «Кешкі 7», «Жошы хан», «Қыз Жібек», «Патша көңілім, не дейсің?!».

Театр сарапшылары спектакльдердің толық талдауын жүзеге асырып, үздіктерді анықтайды. Көрермендер театр фойесінде арнайы анкетаны толтырып, дауыс беру арқылы үздіктерге қолдау білдіре алады. Спектакльдер шеруінің салтанатты жабылуы 27 наурыз күні өтеді.

КАЛЛЕКИ ТЫНЫСЫ	
16-26 НАУРЫЗ АРАЛЫҒЫНДА «КАЛЛЕКИ ТЫНЫСЫ» АТТЫ СПЕКТАКЛЬДЕР ШЕРУІ	
16 НАУРЫЗ 18:00	«ҚЫЗ ЖИЫРМАҒА ТОЛҒАНДА» /МЕЛОДРАМА/ АВТОРЫ: С.БАЛҒАБАЕВ / РЕЖИССЕРІ: Д.СЕРҒАЗИН
17 НАУРЫЗ 18:00	«БАЯН СҰЛУ – ҚОЗЫ КӨРПЕШ» /МУЗЫКАЛЫҚ ДРАМА/ АВТОРЫ: Е.МУСІРЕПОВ / РЕЖИССЕРІ: Г.БАЛПЕЙСОВА
19 НАУРЫЗ 19:00	«ХАТ» /ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ДРАМА/ АВТОРЫ: Э.ШИМИТТ / РЕЖИССЕРІ: Р.МАХАТАЕВ
20 НАУРЫЗ 19:00	«ҮЙЛЕНУ» /МУЗЫКАЛЫҚ КОМЕДИЯ/ АВТОРЫ: Е.ЖАҒАСБЕК / РЕЖИССЕРІ: Н.ЖУМАНИЯЗОВ
21 НАУРЫЗ 19:00	«ЖОШЫ ХАН» /ТАРИХИ ДРАМА/ АВТОРЫ: Д.РАМАЗАН / РЕЖИССЕРІ: Б.ҰЗАҚОВ
23 НАУРЫЗ 11:00	«БАЛА МЕРГЕН» /ЕРТЕГІ/ АВТОРЫ: К.ЖАҒАПБЕК / РЕЖИССЕРІ: Н.ВАХИТОВ
23 НАУРЫЗ 18:00	«КЕШКІ 7» /СПЕКТАКЛЬ-КОНЦЕРТ/ РЕЖИССЕРІ: Б.СҰЛТАНҒАЗИ
24 НАУРЫЗ 18:00	«ҚЫЗ ЖІБЕК» /ДРАМАЛЫҚ ОПЕРА/ АВТОРЫ: Ж.ШАҒЫСАЛМҰЛЫ, Е.МУСІРЕПОВ / РЕЖИССЕРІ: Ә.ӨМІРБЕКҰЛЫ
26 НАУРЫЗ 19:00	«ПАТША КӨНГІЛІМ, НЕ ДЕЙСІҢ?!» /КОМЕДИЯ/ АВТОРЫ: К.ЖИЕНБАЙ / РЕЖИССЕРІ: Н.ЖУМАНИЯЗОВ
27 НАУРЫЗ 19:00	«27 - НАУРЫЗ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТЕАТР КҮНІ» СПЕКТАКЛЬДЕР ШЕРУІНІҢ САЛТАНАТТЫ ЖАБЫЛУЫ



## ЕҢ ШЕШУШІ ОЙЫН АЛДА

Дубай қаласында өтіп жатқан оқу-жаттығу жиыны аясында Қазақстан мен Түрікменстан ұлттық құрамасы арасында жолдастық ойын өтті.

Жабық түрде өткен бақылау ойыны Магомед Адиев шәкірттерінің жеңісімен аяқталды. Тартысты ойынның 2-минутында Ислам Чесноков қақпадан саңылау тапты. Бірінші тайм 1:0 есебімен аяқталды. Ал 47-минутта Александр Зуев алыстан тоғыздықты көздеп, есепті еселеді.

Айта кетейік, Еуро-2024 іріктеу турнирінде Н тобында Дания, Сан-Марино, Солтүстік Ирландия, Словения және

Финляндияға қарсы ойнап, мәреге сынық сүйем қалғанда сүрінген еді. Топтар арасында 4-орын алған командалар бір-бірімен ойнап, Германияға баруға мүмкіндік алған-ды.

Осылайша, Қазақстан құрамасы 21 наурызда В тобында өнер көрсеткен Грекиямен сырт алаңда ойнайды. Сәттілік жолдас болып, жеңіске жетсе, онда Грузия-Люксембург арасындағы жеңімпазбен жолдаманы сарапқа салады.